Қазақша	Русский
БЕКІТІЛДІ	УТВЕРЖДЕН
«Qamqor Pay» ЖШС Төлем ұйымы директорының бұйрығымен	приказом Директора Платежной организации ТОО «Qamqor Pay»
2026 жылғы «23» қыркүйек № 08-ОД	№ 08-ОД от «23» сентября 2026 г.
ТӨЛЕМ АГЕНТІМЕН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ	**ДОГОВОР НА ОКАЗАНИЕ ПЛАТЕЖНЫХ УСЛУГ С ПЛАТЕЖНЫМ АГЕНТОМ**
«Qamqor Pay» ЖШС Төлем ұйымы мен Төлем агенті арасындағы осы Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) төлем қызметтерін көрсету жөніндегі стандартты жалпы ережелерден және бірыңғай талаптардан тұрады және Тараптардың стандартты құқықтары мен міндеттерін белгілейді.	Настоящий Договор на оказание платежных услуг с Платежным агентом (далее по тексту – «Договор») между Платежной организацией ТОО «Qamqor Pay» и Платежным агентом состоит из стандартных общих положений и единых условий по оказанию платежных услуг и устанавливает стандартные права и обязанности Сторон.
Шарттың Тараптары – Төлем ұйымы және Төлем агенті. Осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы оған қосылуға ниет білдірген заңды тұлға немесе дара кәсіпкер осы Шарттың талаптарын ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес қабылдаған жағдайда Төлем агенті бола алады.	Сторонами Договора являются Платежная организация и Платежный агент. Платежным агентом может стать юридическое лицо или индивидуальный предприниматель, заявившее о присоединении к настоящему Договору путем подписания Заявления о присоединении к настоящему Договору при условии, что данное лицо принимает условия настоящего Договора в соответствии с Гражданским кодексом РК.
Әрбір Тарап екінші Тарапқа осы Шартқа қосылуға және оның талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындауға қажетті құқық қабілеттілігіне, сондай-ақ барлық қажетті және жеткілікті құқықтар мен өкілеттіктерге ие екеніне кепілдік береді.	Каждая Сторона гарантирует другой Стороне, что обладает необходимой правоспособностью, а равно всеми правами и полномочиями, необходимыми и достаточными для присоединения к настоящему Договору и исполнения обязательств в соответствии с его условиями.
1. Төлем ұйымы туралы ақпарат	**1. Информация о Платежной организации**
Төлем ұйымы – төлем ұйымдарының тізілімінде 02-26-223 тіркеу нөмірімен тіркелген «Qamqor Pay» ЖШС.	Платежной организацией является ТОО «Qamqor Pay», зарегистрированное в реестре платежных организаций за регистрационным номером 02-26-223.
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 247А үй. Веб-сайт: https://koina.kz	Местонахождение: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Розыбакиева, дом 247А. Вебсайт: https://koina.kz
Телефон нөмірі: +7 708 766 90 40. Электрондық пошта: info@koina.kz	Номер телефона: +7 708 766 90 40. Электронная почта: info@koina.kz
Банктік деректемелер:	Банковские реквизиты:
БСН: 240840030297	БИН: 240840030297
ЖСК: KZ06998CTB0001762803	ИИК: KZ06998CTB0001762803
Банк: «Alatau City Bank» АҚ	Банк: АО «Alatau City Bank»
БСК: TSESKZKA	БИК: TSESKZKA

Қазақша	Русский
«Qamqor Pay» ЖШС директоры Ракымжанов Ж.М.	Директор ТОО «Qamqor Pay» Ракымжанов Ж.М.
2. Осы Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар	**2. Термины и определения, используемые в настоящем Договоре**
2.1. Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматы – Төлем агенті персоналының қатысуынсыз Төлемдерді қабылдауға арналған мамандандырылған бағдарламалық-аппараттық кешен болып табылатын Терминал түрі.	2.1. Автомат самообслуживания – тип Терминала, представляющий собой специализированный программно-аппаратный комплекс, предназначенный для приема Платежей без участия персонала Платежного агента.
2.2. Баланс – Төлем ұйымының Жүйесіндегі Төлем агентінің ақша қаражатының сомасы.	2.2. Баланс – сумма денежных средств Платежного агента в Системе Платежной организации.
2.3. Қосымша комиссия – Төлемдерді қабылдауға байланысты әрекеттерді жасағаны үшін Төлем агенті Төлеушіден тек Тарифтік жоспарда көзделген жағдайларда алатын қосымша ақы; мұндай ақы толығымен Төлем агентінің иелігіне түседі және Төлем агентінің сыйақысына кірмейді.	2.3. Дополнительная комиссия – дополнительная плата, взимаемая Платежным агентом с Плательщика за совершение действий, связанных с Приемом платежей, исключительно в случаях, предусмотренных Тарифным планом, при этом такая плата полностью поступает в распоряжение Платежного агента соответственно и не включается в вознаграждение Платежного агента.
2.4. Заң – «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Заңы.	2.4. Закон – Закон Республики Казахстан от 26 июля 2016 года № 11-VI «О платежах и платежных системах».
2.5. Өтініш – осы Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініш.	2.5. Заявление - заявление о присоединении к Договору на оказание платежных услуг Платежным агентом по форме, указанной в приложении № 2 к настоящему Договору.
2.6. Клиенттің сәйкестендіргіші – Клиентті не Қызмет көрсетушідегі Клиенттің дербес шотын бірмәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат. Қызметтердің нақты түрлері үшін Төлем енгізу кезінде хабарланатын нақты мәліметтердің тізбесін Қызмет көрсетуші белгілейді.	2.6. Идентификатор Клиента - информация, позволяющая однозначно идентифицировать Клиента либо Лицевой счет Клиента у Поставщика услуг. Перечень конкретных сведений, сообщаемых при внесении Платежа за конкретные виды Услуг, устанавливается Поставщиком услуг.
2.7. Клиент – Қызмет көрсетушімен Клиенттік шарт жасасқан тұлға.	2.7. Клиент – лицо, заключившее с Поставщиком услуг Клиентский договор.
2.8. Клиенттік шарт – Клиент пен Қызмет көрсетуші арасында жасалған, тізбесі Тарифтік жоспарда көрсетілген тауарларды сатып алу-сату немесе Қызметтерді көрсету туралы шарт (ауызша, жазбаша).	2.8. Клиентский договор – договор (устный, письменный) купли-продажи товаров или предоставления Услуг, заключенный между Клиентом и Поставщиком услуг, перечень которых указан в Тарифном плане.
2.9. Төлемді түзету – Қызмет көрсетушінің есепке алу жүйесінде төлемнің деректемелерін және/немесе мәртебесін өзгерту.	2.9. Корректировка платежа - изменение реквизитов и/или статуса платежа в системе учета Поставщика услуг.
2.10. Клиенттің дербес шоты – Қызмет көрсетушінің есепке алу жүйесіндегі Клиенттік шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге байланысты операциялар есепке алынатын талдамалық шот.	2.10. Лицевой счет Клиента – аналитический счет в системе учета Поставщика услуг, на котором учитываются операции, связанные с оказанием Услуг по Клиентскому договору.

Қазақша	Русский
2.11. Жеке парақша – Төлем агентінің деректемелері, байланыс ақпараты, электрондық құжат айналымының параметрлері, статистика, есептілік және Тараптарға осы Шартты орындау үшін қажетті өзге де деректер қамтылған Жүйе бөлімі.	2.11. Личная страница – раздел Системы, содержащий реквизиты Платежного агента, контактную информацию, параметры электронного документооборота, статистику, отчетность и другие данные, необходимые Сторонам для исполнения настоящего Договора.
2.12. Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін пайдаланылатын көрсеткіш.	2.12. Месячный расчетный показатель (МРП) - показатель, используемый для исчисления пособий и иных социальных выплат, а также применения штрафных санкций, налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
2.13. Қате Төлем – Төлеуші немесе Төлем қабылдау пунктінің қызметкері Клиенттің сәйкестендіргіші не Төлем сомасы туралы мәліметтерді қате көрсеткен Төлем.	2.13. Ошибочный Платеж – Платеж, содержащий некорректно указанные Плательщиком либо сотрудником Пункта приема Платежа сведения об Идентификаторе Клиента, либо сумме Платежа.
2.14. Есепті кезең – күнтізбелік айдың бірінші күнінен соңғы күніне дейін есептелетін күнтізбелік ай.	2.14. Отчетный период – календарный месяц, исчисляемый с первого по последнее число календарного месяца.
2.15. Төлемді қабылдау кезеңі – Төлеуші Төлем агентінің Терминалы арқылы ақша енгізген сәттен бастап Төлем агенті Төлеушіге Төлемді растайтын құжатты берген сәтке дейінгі уақыт кезеңі.	2.15. Период приема Платежа – период времени, определяемый с момента внесения Плательщиком денег через Терминал Платежного агента до момента выдачи Платежным агентом Плательщику документа, подтверждающего Платеж.
2.16. Төлем – Төлеушінің Қызметтерді төлеу жөніндегі міндеттемесін орындау мақсатында (оның ішінде аванстық төлем енгізу арқылы) Қызмет көрсетушінің пайдасына ақша қаражатын беруі. Төлем деп Төлеушінің Қызмет көрсетуші – қайырымдылық ұйымына Қайырмалдық түрінде ақша қаражатын беруі де түсініледі.	2.16. Платеж – передача денежных средств, совершаемая Плательщиком в пользу Поставщика услуг в целях исполнения обязательства по оплате Услуг (в том числе внесение авансового платежа). Под Платежом понимается также передача Плательщиком денежных средств Поставщику услуг – благотворительной организации в виде Пожертвования.
2.17. Төлем ұйымы – коммерциялық ұйым болып табылатын және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес төлем қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы «Qamqor Pay» ЖШС.	2.17. Платежная организация – ТОО «Qamqor Pay», являющееся коммерческой организацией, которое в соответствии с Законом «О платежах и платежных системах» правомочно осуществлять деятельность по оказанию платежных услуг.
2.18. Төлем агенті – Төлем ұйымымен осы Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартты жасасқан заңды тұлға немесе дара кәсіпкер.	2.18. Платежный агент – юридическое лицо или индивидуальный предприниматель, заключившие с Платежной организацией настоящий Договор на оказание платежных услуг Платежным агентом.
2.19. Төлем шлюзі – Интернет желісінде транзакцияларды авторизациялауға арналған есеп айырысу веб-сервері.	2.19. Платежный шлюз – расчетный веб-сервер для авторизации транзакций в сети Интернет.
2.20. Төлеуші – өз атынан немесе Клиенттің атынан Төлем жасайтын жеке тұлға.	2.20. Плательщик – физическое лицо, совершающее Платеж от собственного имени или от имени Клиента.

Қазақша	Русский
2.21. Қызмет көрсетуші – тұтынушыларға өз атынан Қызметтер көрсететін заңды тұлға немесе дара кәсіпкер, сондай-ақ қайырымдылық қызметін жүзеге асыру үшін құрылған қайырымдылық ұйымы; олар Төлем ұйымымен төлем қызметтерін көрсету үшін төлем агенттерін тарту мүмкіндігі көзделген төлем қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан.	2.21. Поставщик услуг – юридическое лицо или индивидуальный предприниматель, предоставляющее потребителям Услуги от собственного имени, а также благотворительная организация, созданная для осуществления благотворительной деятельности, заключивший договор оказания платежных услуг с Платежной организацией, в котором предусмотрена возможность привлечения платежных агентов для оказания платежных услуг.
2.22. Бағдарлама – Терминалдардың жұмыс істеуіне арналған деректер мен командалардың объективті жиынтығы.	2.22. Программа – объективная совокупность данных и команд, предназначенных для функционирования на Терминалах.
2.23. Төлемдерді қабылдау пункті – Төлем агенті Терминалды, Төлем шлюзін және/немесе төлемдерді қабылдауды және оларды Төлем ұйымының ақпараттық жүйелерінде тіркеуді/авторизациялауды қамтамасыз ететін өзге жабдық түрін пайдалана отырып, Төлемдерді қабылдайтын аумақ. Төлемдерді қабылдау пунктінің түріне, сондай-ақ Төлем агенті төлемдерді қабылдау үшін пайдаланатын жабдықтың түріне қарай Төлем ұйымы төлемдерді қабылдау пунктін ресімдеуге/брендтеуге, оны келісуге, орналасқан мекенжайларына, тиісті пункттегі төлемдерді қабылдау нүктелерінің/терминалдардың санына жеке талаптар, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес тиісті пункттердің тізілімін жүргізуге және оны Төлем ұйымына және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлғаларға ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды белгілей алады.	2.23. Пункт приема Платежей – территория, на которой Платежный агент, осуществляет прием Платежей с использованием Терминала, Платежного шлюза и/или иного типа оборудования, обеспечивающего прием платежей и их регистрацию/ авторизацию в информационных системах Платежной организации. В зависимости от типа Пункта приема платежей, а равно типа используемого Платежным агентом оборудования для приема платежей, Платежной организацией могут устанавливаться отдельные требования к оформлению/ брендированию пункта приема платежей, отдельные требования по согласованию пункта приема платежей, адресов их размещения/ дислокации, количеству точек приема платежей/ терминалов в соответствующем пункте приема платежей, а также требования по ведению реестра соответствующих пунктов приема платежей и порядку его предоставления в адрес Платежной организации и/или третьих лиц уполномоченных платежной организацией согласно настоящему Договору.
2.24. Жүйе – төлем қызметтерін көрсетуге қажетті ақпаратты жинаудың, есепке алудың, өңдеудің және алмасудың автоматтандырылған жүйесінің жұмысын қамтамасыз ететін Төлем ұйымының компьютерлік бағдарламаларының, аппараттық құралдарының, телекоммуникациялары мен телекоммуникациялық желілерінің жиынтығы.	2.24. Система - совокупность компьютерных программ, аппаратных средств, телекоммуникаций и телекоммуникационных сетей Платежной организации, обеспечивающих функционирование автоматизированной системы сбора, учета, обработки и обмена информацией, необходимой для осуществления платежных услуг.
2.25. Электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚЖ) – https://edo.uchet.kz сайтында орналасқан, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің электрондық цифрлық қолтаңбаларын пайдалана отырып, Төлем ұйымы мен Төлем агенті арасында электрондық құжат айналымын ұйымдастыруға арналған бағдарламалық қамтылым.	2.25. Система электронного документооборота (СЭД) – программное обеспечение, расположенное на сайте https://edo.uchet.kz, с помощью которого организован электронный документооборот между Платежной организацией и Платежным агентом с использованием электронно-цифровых подписей уполномоченных представителей Сторон.

Қазақша	Русский
2.26. Тарифтік жоспар – төлем қызметтерін көрсеткені үшін Төлем агенті мен Төлем ұйымының сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ пайдасына Төлемдер қабылданатын Қызмет көрсетушілердің тізбесі және Қызмет көрсетушілердің пайдасына Төлемдерді қабылдау кезінде Төлем агенті/Төлем ұйымы Төлеушіден алатын Қосымша комиссияның мөлшерлері. Тарифтік жоспарды Төлем ұйымы бекіткен және ол Төлем ұйымының интернет-сайтында орналастырылған.	2.26. Тарифный план – размеры ставок вознаграждения Платежного агента и Платежной организации за оказание платежных услуг, а также перечень Поставщиков услуг, в пользу которых осуществляется прием Платежей, и размеры Дополнительной комиссии, взимаемой Платежным агентом /Платежной организацией с Плательщика при приеме Платежей в пользу Поставщиков услуг. Тарифный план утвержден Платежной организацией и размещен на интернет-сайте Платежной организации.
2.27. Лимит – Төлем ұйымы Төлем агентіне белгілейтін/айқындайтын төлемдер сомасы/көлемі; оның шегінде Төлем ұйымы Төлем агентіне қабылданатын төлемдерді алдын ала ақшалай қамтамасыз етпей қабылдауға мүмкіндік береді.	2.27. Лимит – Сумма платежей/ объем платежей устанавливаемый/ определяемый Платежной организацией Платежному агенту, в рамках которого Платежная организация позволяет Платежному агенту осуществлять прием платежей без предварительного денежного обеспечения Платежным агентом принимаемых платежей.
Лимит сомасын Төлем ұйымы айқындайды және Лимит мөлшеріне қарай берілген/пайдаланылған Лимит сомасын қайтару жөніндегі міндеттемелер баламалы қамтамасыз етумен – кепілдіктермен және/немесе Төлем агентінің мүлікті кепілге беруімен қамтамасыз етілуге тиіс.	Сумма Лимита определяется Платежной организацией и в зависимости от размера Лимита, обязательства по возврату суммы представленного/ израсходованного Лимита должны быть обеспечены альтернативным обеспечением – гарантиями и/или предоставлением Платежным агентом в залог имущества.
2.28. Терминал – POS-терминалдарға (Point Of Sale түріндегі мамандандырылған касса маңы құрылғылары, оның ішінде Windows операциялық жүйесімен басқарылатын IBM-үйлесімді жабдық, қалталық мобильді құрылғылар, тасымалды терминалдар және кассалық аппараттар), Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарына, банкоматтарға жататын жабдықтың дербес бірлігі, сондай-ақ Төлем шлюзі.	2.28. Терминал – самостоятельная единица оборудования, относящегося к pos-терминалам (специализированным прикассовым устройствам типа Point Of Sale, в том числе IBM-совместимое оборудование под управлением операционной системы Windows, мобильные устройства карманного типа, переносные терминалы и кассовые аппараты), Автоматам самообслуживания, банкоматам, а также Платежный шлюз.
2.29. Төлем агентінің аумағы – Төлем агенті Терминалдар арқылы не Төлем шлюзі арқылы ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін ақша қабылдау жөніндегі төлем қызметтерін көрсететін Терминалдар орналасқан Төлемдерді қабылдау пункттері.	2.29. Территория Платежного агента – Пункты приема Платежей, Терминалы в которых Платежный агент оказывает платежные услуги по приему денег для осуществления Платежа без открытия банковского счета отправителя денег посредством Терминалов либо через Платежный шлюз.
2.30. Қызметтер/Тауарлар – Қызмет көрсетуші Клиентке сататын қызметтер, жұмыстар, тауарлар (тауарлар топтары), мүліктік құқықтар не олардың арасында жасалған Клиенттік шарт негізінде Клиентке көрсететін қызметтері.	2.30. Услуги/ Товары – продаваемые Клиенту Поставщиком услуг услуги, работы, товары (группы товаров), имущественные права либо оказываемые Клиенту Поставщиком услуг услуги на основании заключенного между ними Клиентского договора.

Қазақша	Русский
3. Төлем қызметтерін көрсету туралы шарттың нысанасы Жалпы ережелер	**3. Предмет Договора на оказание платежных услуг. Общие положения**
3.1. Төлем агенті осы Шартқа және Заңға сәйкес Төлем ұйымының атынан ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін Қызмет көрсетушілердің пайдасына Төлемдерді қабылдау, электрондық ақшаны өткізу (тарату) жөніндегі төлем қызметтерін көрсетеді және осы Шартта бекітілген өзге де әрекеттерді орындайды. Төлем ұйымы және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлға/кәсіпкерлік субъектісі Төлем агентінің төлем қызметтерін көрсету талаптары мен шарттарын сақтауын бақылайды.	3.1. Платежный агент в соответствии с настоящим Договором и Законом от имени Платежной организации оказывает платежные услуги по приему Платежей в пользу Поставщиков услуг для осуществления платежа без открытия банковского счета отправителя денег, услуги по реализации (распространению) электронных денег и иные действия, утвержденные в настоящем договоре. Платежная организация и/или уполномоченное Платежной организацией третье лицо/субъект предпринимательства осуществляет контроль за соблюдением Платежным агентом требований и условий оказания платежных услуг.
3.2. Төлем агенті Төлемдерді қабылдау пункттерін Төлем ұйымымен және/немесе оның өкілдерімен/ол уәкілеттік берген үшінші тұлғалармен келісе отырып ұйымдастырады. Төлем агенті пайдаланатын жабдықтың түріне қарай төлемдерді қабылдау пункттерін ұйымдастыру кезінде мынадай талаптар белгіленген:	3.2. Организация Пунктов приема Платежей осуществляется Платежным агентом по согласованию с Платежной организацией и/или ее представителями/третьими лицами уполномоченными Платежной организацией. В зависимости от типа используемого Платежным агентом оборудования, при организации пунктов приема платежей определены следующие требования:
Терминал, өзіне-өзі қызмет көрсету автоматы	**Терминал, автомат самообслуживания**
Келісуге уәкілетті тұлғаның атауы: «LMKZ» ЖШС Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Рахат шағын ауданы, Асанбай Асқаров көшесі, 40-үй; БСН:190140015965; Электрондық пошта: partners@lmkz.kz	Наименование лица уполномоченного согласовать: ТОО «LMKZ» Адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, Наурызбайский район, Микрорайон Рахат, улица Асанбая Аскарова, д. 40; БИН:190140015965; e-mail: partners@lmkz.kz.
Келісу мерзімі: 5 жұмыс күні	Срок согласования: 5 рабочих дней
Келісуге арналған өтінім нысаны: Осы Шарттың № 3 қосымшасы	Форма заявки на согласование: Приложение № 3 к настоящему Договору
Тізілім нысаны және оны Төлем ұйымына ұсыну кезеңділігі: Осы Шарттың № 4 қосымшасы. Ұсыну мерзімі – тоқсан сайын әр тоқсанның бірінші айының 3-күніне дейін	Форма реестра и период его предоставления в адрес Платежной Организации: Приложение № 4 к настоящему Договору. Срок предоставления - ежеквартально до 3 числа первого месяца каждого квартала
Төлем шлюзі, кассалық жабдық	**Платежный шлюз, кассовое оборудование**
Келісуге уәкілетті тұлғаның атауы: Төлем ұйымымен тікелей келісіледі	Наименование лица уполномоченного согласовать: Согласовывается непосредственно с Платежной организацией

Қазақша	Русский
Келісу мерзімі: 5 жұмыс күні	Срок согласования: 5 рабочих дней
Келісуге арналған өтінім нысаны: Осы Шарттың № 3 қосымшасы	Форма заявки на согласование: Приложение № 3 к настоящему договору
Тізілім нысаны және оны Төлем ұйымына ұсыну кезеңділігі: Осы Шарттың № 4 қосымшасы. Ұсыну мерзімі – тоқсан сайын әр тоқсанның бірінші айының 3-күніне дейін	Форма реестра и период его предоставления в адрес Платежной Организации: Приложение № 4 к настоящему договору. Срок предоставления - ежеквартально до 3 числа первого месяца каждого квартала
3.3. Тараптарға осы Шартты орындау кезінде Төлем агентіне және Төлем ұйымына, сондай-ақ тиісті Қызмет көрсетушілерге, Төлем ұйымының Техникалық әріптестеріне тиесілі тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық стиль мен ресімдеу элементтерін пайдалануға құқық беріледі, егер Төлем агентіне және/немесе Төлем ұйымына мұндай құқық беру Қызмет көрсетушілермен және Төлем ұйымының Техникалық әріптестерімен жасалған тиісті шарттарда көзделсе.	3.3. Сторонам предоставляется право использовать при исполнении настоящего Договора товарные знаки и знаки обслуживания, а также элементы фирменного стиля и оформления, принадлежащие как Платежному агенту и Платежной организации, так и соответствующим Поставщикам услуг, Техническим Партнерам Платежной организации, в тех случаях, когда предоставление такого права Платежному агенту и/или Платежной организации предусмотрено соответствующими договорами с Поставщиками услуг и Техническими Партнерами Платежной организации.
3.4. Төлем агенті төлем қызметтерін Заң талаптарына, Төлем ұйымының қызмет көрсету қағидаларына және осы Шартта белгіленген талаптарға сәйкес көрсетеді.	3.4. Платежные услуги оказываются Платежным агентом в соответствии с требованиями Закона, Правилами оказания услуг Платежной организации и требованиями, установленными настоящим Договором.
4. Төлем агентінің құқықтары міндеттері және әрекет ету тәртібі	**4. Права, обязанности и порядок действий Платежного агента**
4.1. Жалпы мәліметтер	**4.1. Общие сведения**
4.1.1. Төлем агенті Өтінішті Төлем ұйымының өкілдеріне қол қоюға берген кезде мынадай құжаттардың көшірмелерін (нотариат куәландырған немесе Төлем агентінің басшысы қол қойып, мөрмен куәландырған) ұсынуға тиіс:	4.1.1. При подаче Платежным агентом Заявления на подпись представителям Платежной организации, Платежный агент должен предоставить копии следующих документов (нотариально удостоверенные или за подписью руководителя и печатью Платежного агента):
– Заңды тұлғалар үшін:	- Для юридических лиц:
https://egov.kz мемлекеттік қызметтер порталынан алынған тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама;	справка о зарегистрированном юридическом лице, филиале или представительстве, полученная на портале государственных услуг https://egov.kz;
қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік;	свидетельство о постановке на учет по налогу на добавленную стоимость;
басшыны сайлау туралы шешім (хаттама);	решение (протокол) об избрании руководителя;
заңды тұлға басшысын тағайындау туралы бұйрық;	приказ о назначении руководителя юридического лица;
ұйымның жарғысы;	устав организации;

Қазақша	Русский
Өтінішке қол қоюға уәкілетті тұлға Төлем агентінің атынан сенімхат бойынша әрекет еткен жағдайда, сенімхат;	доверенность, в случае если лицо, уполномоченное на подписание Заявления, действует от имени Платежного агента по доверенности;
– Дара кәсіпкерлер үшін:	- Для индивидуальных предпринимателей:
дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы талон және хабарлама;	свидетельство о государственной регистрации индивидуального предпринимателя/ талон и уведомление о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя;
дара кәсіпкердің жеке куәлігі;	удостоверение личности индивидуального предпринимателя;
Өтінішке қол қоюға уәкілетті тұлға Төлем агентінің атынан сенімхат бойынша әрекет еткен жағдайда, сенімхат.	доверенность, в случае если лицо, уполномоченное на подписание Заявления, действует от имени Платежного агента по доверенности.
Айрықша жағдайларда Жүйеде тіркелу үшін Төлем агентінен өзге құжаттар сұратылуы мүмкін.	В исключительных случаях для регистрации в Системе у Платежного агента могут быть запрошены иные документы.
4.1.2. Тараптар Шарт жасасқан сәттен бастап Төлем агенті Жеке парақшада Төлем ұйымының Жүйесінде тіркелгенін растауға міндетті.	4.1.2. С момента заключения Сторонами Договора Платежный агент обязан подтвердить на Личной странице регистрацию в Системе Платежной организации.
4.1.3. Төлем агенті Шарттың нысанасына қатысты хабарламалармен үнемі танысуға, сондай-ақ Жеке парақшада орналастырылған немесе өзге тәсілмен жеткізілетін өзгерістерді және/немесе толықтыруларды, оның ішінде Шарттың 5.1.3-тармағына сәйкес өзгерістерді және/немесе толықтыруларды өз бетінше қадағалауға міндетті.	4.1.3. Платежный агент обязан регулярно знакомиться с сообщениями, относящимися к предмету Договора, а также самостоятельно отслеживать изменения и/или дополнения, размещенные на Личной странице или доставляемыми иным способом, в том числе изменения и/или дополнения в соответствии с п. 5.1.3 Договора.
4.1.4. Төлем агенті Шарттың 8.3-тармағын орындауына байланысты туындаған қателерді түзету үшін мемлекеттік уәкілетті органға өз бетінше жүгінуге міндеттенеді.	4.1.4. Платежный агент обязуется самостоятельно обратиться в государственный уполномоченный орган для исправления ошибок, возникших в связи с исполнением им п. 8.3 Договора.
4.1.5. Төлем агенті осы Шарттың 5.1.1-тармағына сәйкес сұратылатын құжаттарды, егер Төлем ұйымының сұрау салуында өзгеше белгіленбесе, 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.	4.1.5. Платежный агент обязан предоставлять Платежной организации запрашиваемые в соответствии с п. 5.1.1 настоящего Договора документы в течение 3 (Трех) рабочих дней, если иное не установлено в запросе Платежной организации.
4.1.6. Төлем агенті Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ осы Шартта белгіленген төлем қызметтерін көрсету талаптарын сақтауға міндетті.	4.1.6. Платежный агент обязан соблюдать требования законодательства Республики Казахстан о платежах и платежных системах, о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем и финансирования терроризма, а также условий оказания платежных услуг, установленных настоящим Договором.

Қазақша	Русский
4.1.7. Төлем агенті Төлем ұйымының талабы бойынша Төлем агентінің Терминалдары мен Төлем ұйымының ақпараттық Жүйесінің техникалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде Төлем ұйымы уәкілеттік берген үшінші тұлғамен/кәсіпкерлік субъектісімен шарт жасасуға міндетті. Жасалатын шарт сондай-ақ Төлемдерді қабылдау пункттерін, Терминалдарды, Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарын келісуді және тіркеуді, Төлемдерді қабылдау пункттерінің бірыңғай тізілімін жүргізуді, Төлем ұйымы уәкілеттік берген үшінші тұлға/кәсіпкерлік субъектісі жүзеге асыратын бақылау-тексеру іс-шараларын қамтиды. Шартта тараптардың қосымша құқықтары мен міндеттері де көзделуі мүмкін. Тиісті шартты жасасуға байланысты шығыстарды Төлем агенті көтереді.	4.1.7. Платежный агент обязан по требованию Платежной организации заключить договор с уполномоченным Платежной организацией третьим лицом/субъектом предпринимательства по обеспечению технического взаимодействия Терминалов Платежного Агента с информационной Системой Платежной организации. Заключаемый договор также включает в себя: -согласование, -регистрацию Пунктов приема платежей, Терминалов, Автоматов самообслуживания, -ведение единого реестра Пунктов приема платежей, -контрольно-ревизионные мероприятия, осуществляемые уполномоченным Платежной организацией третьим лицом/субъектом предпринимательства. Заключаемый договор также может включать в себя дополнительные права и обязанности сторон. Расходы по заключению соответствующего договора являются расходами Платежного агента.
4.2. Төлем агентінің аумағы	**4.2. Территория Платежного агента**
4.2.1. Төлем агентінің аумағы Төлем ұйымымен және/немесе үшінші тұлғалармен/кәсіпкерлік субъектілерімен олардың осы Шарттың 4.1.7-тармағына сәйкес міндеттемелерін орындауы шеңберінде міндетті түрде келісіледі.	4.2.1. Территория платежного агента в обязательном порядке согласовывается с Платежной организацией и/или третьими лицами/субъектами предпринимательства, в рамках исполнения последними обязательств согласно п. 4.1.7. настоящего Договора.
4.2.2. Төлем агентінің аумағын келісу рәсімі Төлем агентінің Төлемдерді қабылдау пункттерінің мекенжайларын келісуге өтінім беруін көздейді. Өтінім берілгеннен кейін Төлем ұйымы және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлға/кәсіпкерлік субъектісі Төлем агентіне оның төлемдерді қабылдау пункттерін қосудың келісілгені немесе келісуден бас тартылғаны туралы хабарлайды.	4.2.2. Процедура согласования Территории платежного агента подразумевает подачу Платежным агентом заявки на согласование адресов Пункта приема платежей. После подачи заявки, Платежная организация и/или уполномоченное Платежной организацией третье лицо/субъект предпринимательства сообщает Платежному агенту о согласовании или отказе в согласовании подключения пунктов приема платежей Платежного агента.
4.2.3. Төлемдерді қабылдау пункттерінің мекенжайларын келісуге арналған өтінімде Терминалдардың/Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарының саны міндетті түрде көрсетіледі. Келісу туралы оң жауап алынғаннан және келісілген пункттер жұмыс істей бастағаннан кейін Терминалдардың/Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарының саны Төлем агенті берген өтінімдегі ақпаратқа сәйкес келуге тиіс.	4.2.3. В заявке на согласование адресов Пункта приема платежей в обязательном порядке указывается количество Терминалов/Автоматов самообслуживания. После положительного ответа о согласовании и начала функционирования согласованных Пунктов приема платежей, количество Терминалов/Автоматов самообслуживания должно соответствовать информации, указанной в заявке поданной Платежным агентом.
4.2.4. Төлемдерді қабылдау пункттері мен оларда орналасқан Терминалдар/Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары Төлем ұйымынан және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлғадан/кәсіпкерлік субъектісінен келісу туралы оң жауап алынғаннан кейін ғана жұмыс істей алады.	4.2.4. Функционирование Пунктов приема платежей и расположенных в них Терминалов/Автоматов самообслуживания возможно только после положительного ответа о согласовании со стороны Платежной организации и/или уполномоченного Платежной организацией третьего лица/субъекта предпринимательства.

Қазақша	Русский
4.2.5. Төлемдерді қабылдау пункттерінің мекенжайлары, Терминалдардың/Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарының саны және нақтылаушы деректер Төлемдерді қабылдау пункттерінің бірыңғай тізілімінде көрсетіледі. Төлемдерді қабылдау пункттерінің мекенжайларын немесе Терминалдарды/Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарын біржақты қосу/алып тастау құқығымен бірыңғай тізілімді Төлем ұйымы және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлға/кәсіпкерлік субъектісі жүргізеді.	4.2.5. Адреса Пунктов приема платежей, количество Терминалов/Автоматов самообслуживания, а также уточняющие данные, указываются в едином реестре Пунктов приема платежей. Ведением единого реестра Пунктов приема платежей с правом одностороннего добавления/удаления адресов Пункта приема платежей либо Терминалов/Автоматов самообслуживания, занимается Платежная организация и/или уполномоченное Платежной организацией третье лицо/субъект предпринимательства.
4.2.6. Аумақ келісілгеннен кейін Төлем агенті Жеке парақшада Төлем ұйымына өз Аумағы туралы шынайы ақпарат береді.	4.2.6. После согласования Территории, Платежный агент на Личной странице предоставляет Платежной организации достоверную информацию о своей Территории.
4.2.7. Төлем агенті Аумақ туралы деректер өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістер күшіне енген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Жеке парақшада Төлем ұйымына хабарлауға міндетті.	4.2.7. Платежный агент обязан на Личной странице информировать Платежную организацию об изменении данных о Территории в течение 1 (Одного) рабочего дня с даты вступления в силу таких изменений.
4.2.8. Төлем агенті Клиенттерге/Төлеушілерге тек белгіленген тәртіппен бірыңғай тізілімге енгізілген және олар туралы ақпарат Төлем ұйымына берілген Төлемдерді қабылдау пункттерінде ғана қызмет көрсетуге міндетті.	4.2.8. Платежный агент обязан обслуживать Клиентов/Плательщиков только в Пунктах приема платежей, информация о которых в установленном порядке указана в едином реестре Пунктов приема платежей и передана Платежной организации.
4.2.9. Төлем агенті Төлемдерді қабылдау пункттерінде Қызмет көрсетушілердің пайдасына Төлемдерді қабылдау туралы ақпаратты орналастыруға міндетті.	4.2.9. Платежный агент обязан размещать информацию о приеме Платежей в пользу Поставщиков услуг в Пунктах приема Платежей.
4.2.10. Төлем агенті Төлем ұйымының рұқсат құжаттарынсыз жылжымалы және жылжымайтын объектілердің ашық кеңістігінде, оның ішінде көшеде орналасқан Терминалдарда; дүкендердің, дәріханалардың және өзге үй-жайлардың терезелерінде, есіктерінде және қасбеттерінде; жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, бірақ бұлармен шектелмей, Төлем ұйымы, оның қызметі және Төлем агентінің Шарт бойынша көрсететін қызметі, оның ішінде Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары, Терминалдар және осы Шартқа қандай да бір түрде қатысты өзге қызметтер туралы жарнамалық материалдарды (жапсырмалар, баннерлер және т.б.) орналастыруға құқылы емес.	4.2.10. Платежный агент не вправе без разрешительных документов Платежной организации размещать рекламные материалы (наклейки, баннеры и т.п.) о Платежной организации, об осуществляемой ею деятельности и деятельности, которая оказывается Платежным агентом по Договору, в т.ч. об Автоматах самообслуживания, Терминалах, о других услугах, которые так или иначе затрагивают настоящий Договор, на открытом пространстве движимых и недвижимых объектов, в том числе, но не ограничиваясь: на Терминалах, расположенных на улице; окнах, дверях и фасаде магазинов, аптек и других помещений; в полосе отвода автомобильных дорог общего пользования.
4.2.11. Төлем агенті барлық Терминалдарда Төлем ұйымы және/немесе Техникалық әріптестер ұсынған Бағдарламаларды жаңартуға міндеттенеді. Осы міндеттемені орындамаған Төлем агенті Бағдарламалардың дұрыс жұмыс істемеуінің барлық тәуекелдерін өзіне алады және осыған байланысты барлық жауапкершілікті көтереді.	4.2.11. Платежный агент обязуется обновлять предоставленные Платежной организацией и/или Техническими Партнерами Программы на всех Терминалах. Платежный агент, не исполнивший указанное обязательство, принимает на себя все риски некорректной работы Программ и несет все связанные с некорректной работой меры ответственности.

Қазақша	Русский
4.2.12. Төлем агенті осы Шартты орындау мақсатында Төлем қосалқы агенттерін тартуға құқылы емес, сондай-ақ төлемдерді қабылдау пункттерін ресімдеу стилін Төлем ұйымының және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлғалардың талаптарына сәйкес сақтауға міндетті.	4.2.12. Платежный агент в целях исполнения настоящего Договора не вправе привлекать Платежных субагентов, а также обязан соблюдать стилистику оформления пунктов приема платежей в соответствии с требованиями Платежной организации и/ или третьих лиц уполномоченных Платежной организацией.
4.3. Төлемдерді қабылдау және төлем қызметтерін көрсету тәртібі	**4.3. Порядок приема Платежей (оказания платежных услуг)**
4.3.1. Төлем ұйымының Жүйесі Төлем агентінің төлемдерін алдын ала ақшалай қамтамасыз етумен және/немесе алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз өңдеуді қамтамасыз етеді.	4.3.1. Система Платежной организации обеспечивает обработку платежей Платежного агента с предварительным денежным обеспечением Платежей и/или без предварительного денежного обеспечения платежей.
Алдын ала ақшалай қамтамасыз етумен төлемдерді қабылдау:	Прием платежей с предварительным денежным обеспечением:
Төлем агенті Төлемдерді қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында Төлем ұйымының Жүйесіндегі Балансты алдын ала толықтырады.	Платежный агент в целях обеспечения приема Платежей осуществляет предварительное пополнение Баланса в Системе Платежной организации.
Енгізілген баланс/алдын ала қамтамасыз ету сомасы, Төлем агенті қабылдаған төлемдер және өңделген төлемдер ескерілген оның балансындағы ақша қалдығы туралы ақпарат Төлем агентінің Жеке парақшасында көрсетіледі.	Информация о внесенной сумме баланса/ предварительного обеспечения, принятых Платежным агентом платежах и остатке денег на балансе Платежного агента с учетом обработанных платежей отображается на Личной странице Платежного агента.
Белгіленген Лимит шегінде алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз төлемдерді қабылдау:	Прием платежей без предварительного денежного обеспечения в рамках установленного Лимита:
Төлем ұйымының Жүйесі Төлем агентіне өзі үшін белгіленген/бекітілген лимит шегінде балансты алдын ала ақшалай толықтырмай/алдын ала ақшалай қамтамасыз етпей және/немесе қабылданатын төлемдер сомасын өзі енгізген баланс сомасынан асыра отырып төлемдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз төлемдерді қабылдау үшін Лимит берілген кезде, Төлем агенті осындай төлемдерді қабылдаған әрбір күнтізбелік айдың қорытындысы бойынша оның Сыйақысы осы Шарттың 7.3-тармағына сәйкес түзетіледі.	Система Платежной организации позволяет Платежному агенту осуществлять прием платежей без предварительного денежного пополнения баланса/ предварительного денежного обеспечения и/или с превышением суммы принимаемых платежей над внесенным Платежным агентом балансом, в рамках лимита установленного/ утвержденного для Платежного агента. При предоставлении Платежному агенту Лимита – для приема платежей без предварительного денежного обеспечения, Вознаграждение Платежного агента по итогам каждого календарного месяца, в котором Платежный агент принимал платежи без предварительного обеспечения подлежит корректировке согласно п. 7.3. настоящего договора.
Төлем агенті үшін рұқсат етілген Лимит, оны өтеу мерзімдері және Лимит бергені үшін Төлем ұйымы мен Төлем агентінің сыйақыларын түзету мөлшерлемелері/түзету сомасы туралы ақпарат Төлем агентінің Жеке парақшасында көрсетіледі.	Информация о допустимом для Платежного агента Лимите, сроках его погашения и ставках корректировки/ сумме корректировки вознаграждений Платежной организации и Платежного агента за предоставление Лимита отображается на Личной странице Платежного агента.

Қазақша	Русский
4.3.2. Төлем агентіне берілген қабылданатын Төлемдердің рұқсат етілген сомасы туралы ақпарат оның Жеке парақшасында көрсетіледі.	4.3.2. Информация о допустимой сумме принимаемых Платежей, предоставленной Платежному агенту, отображается на Личной странице Платежного агента.
4.3.3. Төлем агенті белгіленген Тарифтік жоспарға сәйкес Төлеушіден Қосымша комиссия алуға құқылы.	4.3.3. Платежный агент вправе взимать с Плательщика Дополнительную комиссию в соответствии с установленным Тарифным планом.
4.3.4. Төлем агенті Тарифтік жоспарда белгіленген Төлеушіден алынатын Қосымша комиссия мөлшерін ұлғайтуға құқылы емес.	4.3.4. Платежный агент не вправе изменять в сторону увеличения установленный в Тарифном плане размер Дополнительной комиссии с Плательщика.
4.3.5. Төлем агенті төлем қызметін көрсеткен кезде мынадай талаптарды сақтауға міндетті:	4.3.5. Платежный агент при оказании платежной услуги обязан соблюдать следующие требования:
4.3.5.1. төлем қызметтерін Төлем ұйымының атынан көрсету;	4.3.5.1. оказывать платежные услуги от имени Платежной организации;
4.3.5.2. Төлемді қабылдағаннан кейін Төлеушіге ҚР заңнамасының қолданыстағы талаптарына сәйкес төлем қызметінің көрсетілгенін растайтын құжат беру;	4.3.5.2. после приема Платежа предоставлять Плательщику документ, подтверждающий факт оказания платежной услуги, в соответствии с действующими требованиями законодательства РК;
4.3.5.3. Төлеушіден Қосымша комиссия алынған жағдайда, төлем қызметі көрсетілгенге дейін Төлеушіге Қосымша комиссияның мөлшері туралы ақпарат беруді қамтамасыз ету;	4.3.5.3. в случае взимания Дополнительной комиссии с Плательщика Платежный агент до оказания платежной услуги обеспечивает предоставление Плательщику информации о размере Дополнительной комиссии;
4.3.5.4. Төлеушіге Заңға сәйкес өзге ақпаратты беру.	4.3.5.4. предоставлять Плательщику иную информацию в соответствии с Законом.
4.3.6. Төлем агенті әрбір қабылданған Төлем туралы деректерді Төлеуші көрсеткен Клиенттің сәйкестендіргіші және Төлеуші берген өзге деректер негізінде тікелей Төлемді қабылдау кезеңінде Төлем ұйымына қатесіз және бұрмалаусыз беруге міндетті.	4.3.6. Платежный агент обязан передавать Платежной организации данные о каждом принятом Платеже непосредственно в Период приема Платежа на основании Идентификатора Клиента, указываемого Плательщиком, и прочих предоставленных Плательщиком данных без ошибок и искажений.
4.3.7. Төлем агенті Қате Төлемді қабылдағаны туралы Төлем ұйымына хабарлауға міндеттенеді. Бұл міндеттеме Төлем агенті Төлеушіден немесе Төлемдерді қабылдау пунктінің қызметкерінен Төлемді түзетуге қажетті деректері бар өтінішті алған жағдайда ғана туындайды; өтінішке Қате Төлемнің жүргізілгенін растайтын құжаттың көшірмесі міндетті түрде қоса беріледі.	4.3.7. Платежный агент обязуется уведомить Платежную организацию о приеме Ошибочного Платежа. Данное обязательство возникает у Платежного агента только в случае получения им заявления от Плательщика или от сотрудника Пункта приема Платежей, содержащего необходимые для совершения корректировки Платежа данные, с обязательным приложением к заявлению копии документа, подтверждающего проведение Ошибочного Платежа.
4.3.8. Төлем агентінің Төлемдерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктері тоқтатылған (тоқтатыла тұрған) жағдайда, ол өз Аумағының барлығында Төлемдерді қабылдауды дереу тоқтатуға міндетті.	4.3.8. В случае прекращения (приостановки) полномочий Платежного агента по приему Платежей Платежный агент обязан немедленно прекратить прием Платежей на всей Территории Платежного агента.

Қазақша	Русский
5. Төлем ұйымының құқықтары міндеттері және әрекет ету тәртібі	**5. Права, обязанности и порядок действий Платежной организации**
5.1. Жалпы ережелер	**5.1. Общие положения**
5.1.1. Төлем ұйымы Өтініш қабылданған күннен бастап Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта, сондай-ақ Шарт бұзылған/тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде Төлем агентінен (оның өкілінен) Төлем агентін (оның өкілін) тиісінше тексеру және сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ салықтық резиденттігі, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді, операцияларды жүргізуге байланысты құжаттарды, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарынан келіп түскен сұрау салулар негізінде қосымша мәліметтерді ашуды талап етуге құқылы.	5.1.1. Платежная организация в любое время с даты приема Заявления и до окончания срока действия Договора, а также в течение 5 (Пяти) лет с даты расторжения/прекращения Договора вправе требовать от Платежного агента (его представителя) предоставления сведений и документов, необходимых для надлежащей проверки и идентификации Платежного агента (его представителя) выявления бенефициарного собственника, а также предоставления сведений о налоговом резидентстве, роде деятельности и источнике финансирования совершаемых операций, документов, связанных с проведением операций, включая раскрытие дополнительных сведений на основании поступивших запросов от уполномоченных государственных органов Республики Казахстан.
5.1.2. Төлем агентін тіркеу аяқталғаннан кейін Төлем ұйымы Төлем агентіне осы Шарт бойынша қызметтер көрсету шеңберінде Жүйемен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру және Төлемдерді тіркеу үшін Жеке парақшаға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.	5.1.2. После окончания регистрации Платежного агента Платежная организация обеспечивает Платежному агенту доступ к Личной странице с целью осуществления информационного взаимодействия с Системой и регистрации Платежей в рамках оказания Платежным агентом услуг по настоящему Договору.
5.1.3. Төлем ұйымы бекітілген және сайтта орналастырылған Тарифтік жоспарды біржақты өзгертуге құқылы. Жаңа Тарифтік жоспар сайтта жарияланған күннен бастап және/немесе Төлем ұйымы жаңартылған Тарифтік жоспарды орналастырған кезде көрсеткен өзге күннен бастап күшіне енеді.	5.1.3. Платежная организация имеет право в одностороннем порядке изменить утвержденный и размещенный на сайте Тарифный план. Новый Тарифный план вступает в действие с даты публикации нового тарифного плана на сайте и/или иной даты если последняя указывается Платежной организацией при размещении обновленного Тарифного плана.
5.1.4. Төлем ұйымы Клиенттерге/Төлеушілерге Төлем агентінің Төлемдерді қабылдау пункттерінде Қызметтер үшін Төлемдер жасау мүмкіндігі туралы хабарлауға міндеттенеді.	5.1.4. Платежная организация обязуется извещать Клиентов/Плательщиков о возможности совершения Платежей за Услуги в Пунктах приема платежей Платежного агента.
5.1.5. Төлем ұйымы Төлем агентінің қабылданған Төлемдер туралы ақпаратын қабылдауға және Клиенттердің дербес шоттарында есепке алу үшін Қызмет көрсетушілерге хабарлауға, сондай-ақ қабылданған Төлемдердің толық және уақтылы есепке алынуын өз бетінше бақылауға міндеттенеді.	5.1.5. Платежная организация обязуется принимать и сообщать Поставщикам услуг для учета на Лицевых счетах Клиентов информацию Платежного агента о принятых Платежах, а также самостоятельно осуществлять контроль за полнотой и своевременностью зачисления принятых Платежей.

Қазақша	Русский
5.1.6. Қызмет көрсетуші Төлем ұйымына жүгінген жағдайда, Төлем ұйымы Қызмет көрсетушінің есепке алу жүйесінде тиісті Төлемнің жоқтығы көрсетілген өтініш бойынша Төлемнің күшін жоюға құқылы. Осы Төлем сомасын Төлем агентінің Балансына қайтару Төлеушінің өтініші алынған, Төлем агенті тиісті Төлем сомасын Төлеушіге қайтарған және Төлем ұйымына қайтаруды растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда ғана жүргізіледі.	5.1.6. В случае обращения Поставщика услуг в Платежную организацию, Платежная организация вправе отменить Платеж, по которому было получено обращение от Поставщика услуг, указывающее на отсутствие такого Платежа в системе учета Поставщика услуг. Возврат суммы данного Платежа на Баланс Платежного агента производится только в случае получения обращения Плательщика, возврата Платежным Агентом суммы соответствующего Платежа Плательщику и предоставления Платежным агентом в адрес Платежной организации документов, подтверждающих проведение соответствующего возврата.
5.1.7. Төлем ұйымы Төлеушінің/Клиенттің өтініші негізінде Төлемді түзету құқығын өзіне қалдырады, бұл ретте төлем тек Қызмет көрсетушінің келісімімен түзетіледі. Төлем ұйымы құжат айналымын ЭҚЖ арқылы жүргізеді. Төлем ұйымы Төлем агентінің қызметін тексеру барысында осы Шарттың талаптарын және/немесе ҚР қолданыстағы заңнамасын бұзушылықтарды анықтаса, мұндай сәйкессіздіктер анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей кінәсінен бұзушылық орын алған Төлем агентіне тексеру нәтижелері туралы жазбаша хабарлайды.	5.1.7. Платежная организация оставляет за собой право скорректировать Платеж на основании заявления Плательщика/Клиента, при этом корректировка платежа производится исключительно при согласии Поставщика услуг. Платежная организация осуществляет ведение документооборота через СЭД. Если в ходе проверки Платежной организацией деятельности Платежного агента будут выявлены какие-либо нарушения условий настоящего Договора и/или действующего законодательства РК, Платежная организация в срок не позднее 3 (Трех) рабочих дней с даты выявления таких несоответствий письменно уведомляет о результатах проверки Платежного агента, по вине которого произошло нарушение.
5.1.8. Төлем агентінің Төлемдерді қабылдау пункттерін, Терминалдарды және/немесе Бағдарламаны пайдалануына кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ Төлем агенті осы Шартта белгіленген Төлеушілерден Төлемдерді қабылдау тәртібін өрескел бұзған жағдайда, Төлем ұйымы осы Шарттың қолданылуын уақытша тоқтата тұруға құқылы.	5.1.8. Платежная организация вправе временно приостановить действие настоящего Договора в случае возникновения обстоятельств, препятствующих использованию Платежным агентом Пунктов приема платежей, Терминалов и/или Программы, а также в случае грубого нарушения Платежным агентом установленного настоящим Договором порядка приема Платежей от Плательщиков.
5.1.9. Төлем ұйымы өзінің ішкі бақылау қағидаларында, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңында және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда Төлем агентімен іскерлік қатынастар орнатудан және/немесе оларды жалғастырудан бас тартуға және/немесе осы Шарттың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.	5.1.9. Платежная организация вправе отказать Платежному агенту в установлении и/или продолжении деловых отношений и/или приостановить действие настоящего Договора в случаях, предусмотренных правилами внутреннего контроля Платежной организации, Законом Республики Казахстан от 28.08.2009 г. № 191-IV «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения» и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Қазақша	Русский
5.1.10. Төлем ұйымы Төлем агентінің ақпараттық жүйелерді пайдалануға және/немесе ҚР заңнамасында тыйым салынған тауарларды өткізуге (немесе бұған жәрдемдесуге) байланысты ықтимал алаяқтық не өзге заңсыз қызмет фактілері туралы негізді болжамдар болған жағдайда, оның ішінде Төлем агентінің Қазақстан Республикасының аумағында және/немесе Төлем ұйымының ішкі бақылау қағидаларымен тыйым салынған қызметі анықталған кезде, даулы жағдай анықталғанға/реттелгенге дейін өз қалауы бойынша Төлем агентіне қатысты Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға және/немесе онымен Шартты бұзуға құқылы.	5.1.10. Платежная организация по своему усмотрению вправе приостановить исполнение обязательств по Договору в отношении Платежного агента и/или расторгнуть Договор с Платежным агентом при наличии обоснованных предположений о возможных фактах мошенничества либо иной незаконной деятельности такого Платежного агента, связанной с использованием информационных систем и/или реализацией (или способствование этому) запрещенных товаров, предусмотренных законодательством РК, до момента выяснения/урегулирования спорной ситуации, в том числе в случае выявления деятельности Платежного агента запрещенной на территории Республики Казахстан и/или правилами внутреннего контроля Платежной организации.
5.1.11. Төлем ұйымы Төлемдерді қабылдау пункттерін, Терминалдарды, Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарын келісуді және тіркеуді, Төлемдерді қабылдау пункттерінің бірыңғай тізілімін жүргізуді, бақылау-тексеру іс-шараларын және осы Шарттың талаптарына қатысты өзге әрекеттерді жүзеге асыратын уәкілетті үшінші тұлғаны/кәсіпкерлік субъектісін айқындауға құқылы. Осы тармақты орындау үшін Төлем агенті осы Шарттың 4.1.7-тармағын басшылыққа ала отырып, Төлем ұйымы уәкілеттік берген үшінші тұлғамен/кәсіпкерлік субъектісімен шарт жасасуға міндеттенеді.	5.1.11. Платежная организация вправе определить уполномоченное третье лицо/субъект предпринимательства, которое будет осуществлять: -согласование, -регистрацию Пунктов приема платежей, Терминалов, Автоматов самообслуживания, -ведение единого реестра Пунктов приема платежей, -контрольно-ревизионные мероприятия, а также иные действия, касающиеся условий настоящего Договора. Во исполнение данного пункта настоящего Договора, Платежный агент обязуется заключить договор с уполномоченным Платежной организацией третьим лицом/субъектом предпринимательства руководствуясь пунктом 4.1.7. настоящего Договора.
5.2. Есеп айырысу тәртібі	**5.2. Порядок расчетов**
5.2.1. Төлем ұйымы Тарифтік жоспарға сәйкес Төлем агентіне сыйақыны уақтылы төлеуге немесе тиісті міндеттемелерді Төлемдер сомаларын, Төлем агентінің Төлем ұйымы, Клиенттер, Төлеушілер алдындағы кез келген берешегін, сондай-ақ Төлем агентіне қойылған айыппұл санкцияларын, ол келтірген нұқсанды және/немесе залалдарды аудару жөніндегі қарсы талаптарды есепке жатқызуға міндеттенеді.	5.2.1. Платежная организация обязуется своевременно выплачивать Платежному агенту вознаграждение согласно Тарифному плану или принимать соответствующие обязательства в зачет встречных требований по перечислению сумм Платежей, любых задолженностей Платежного агента перед Платежной организацией, Клиентами, Плательщиками, а также штрафных санкций, выставленных Платежному агенту, ущерба и/или убытков, нанесенных Платежным агентом.
5.2.2. Төлемдерді қабылдау пункттерін ресімдеу, Терминалдарды/Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарын орнату және орналастыру, оларды ұстау, жөндеу және профилактикасы, тасымалдау (қажет болғанда) және пайдалану шығыстарын, интернет-провайдер, күзет және клининг қызметтерін, брендтеу шығыстарын Төлем агенті Төлем ұйымынан өтемақы алу құқығынсыз өз есебінен өтейді.	5.2.2. Расходы по оформлению Пунктов приема платежей, установки и размещению Терминалов/Автоматов самообслуживания, а также расходы, связанные с содержанием, ремонтом и профилактикой, транспортировкой (при необходимости) и эксплуатацией Терминалов/Автоматов, услуги интернет-провайдера, охранные и клининговые услуги, брендирование, Платежный агент покрывает за свой счет, без права на компенсацию со стороны Платежной организации.

Қазақша	Русский
5.2.3. Төлем ұйымы Төлем агентінің барлық ақшалай міндеттемелері, айыппұл санкциялары және басқалары бойынша дебиторлық берешекті Төлем агентіне төленуге тиісті сыйақы есебіне жатқызуға не берешек сомасын Баланстан акцептсіз есептен шығаруға, сондай-ақ кейіннен коллекторларды тарта отырып, көрсетілген берешекті талап қоюға дейінгі және/немесе сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы; Төлем агенті осы Шарт жасалған сәттен бастап бұған келісімін білдіреді.	5.2.3. Платежная организация вправе зачесть дебиторскую задолженность по всем денежным обязательствам, штрафным санкциям и др. Платежного агента в счет подлежащего выплате Платежному агенту вознаграждения либо списать сумму задолженности с Баланса в безакцептном порядке, а также применить претензионный и/или судебный порядок взыскания указанной задолженности с последующим привлечением коллекторов, на что Платежный агент выражает свое согласие с момента заключения настоящего Договора.
6. Төлем агентінің Балансы және алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз аванс енгізусіз төлемдерді қабылдауға арналған Лимиті	**6. Баланс Платежного агента и Лимит Платежного агента для приема платежей без предварительного денежного обеспечения (внесения аванса)**
6.1. Баланс	**6.1. Баланс**
6.1.1. Баланс нақты уақыт режимінде Төлем агенті қабылдайтын Төлемдердің жалпы сомасын және оның Төлем ұйымы алдындағы өзге ақшалай міндеттемелерінің сомаларын шектейді; Төлем ұйымы ішкі тәртіп шеңберінде Төлем агенті қабылдайтын Төлемдердің жалпы сомасына шектеу белгілеген жағдайлар бұған кірмейді.	6.1.1. Баланс ограничивает в режиме реального времени общую сумму Платежей, принимаемых Платежным агентом, а также суммы иных денежных обязательств Платежного агента перед Платежной организацией, за исключением случаев установления Платежной организацией в рамках внутреннего порядка ограничения по общей сумме принимаемых Платежным агентом Платежей.
6.1.2. Баланс Төлем агентінің банктік шотынан Төлем ұйымының банктік шотына ақша қаражатын аудару арқылы толықтырылады.	6.1.2. Баланс пополняется путем перечисления Платежным агентом денежных средств с банковского счета Платежного агента на банковский счет Платежной организации.
6.1.3. Төлемдерді қабылдаған күні Баланста ақша қаражаты болмаған жағдайда, Төлем агентінің қабылданған Төлемдер сомаларын аудару міндеттемесі қамтамасыз етілмеген болып табылады және Төлем ұйымы Шарттың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.	6.1.3. При отсутствии в день приема Платежей денежных средств на Балансе обязательство Платежного агента по перечислению сумм принятых Платежей является необеспеченным, и Платежная организация вправе приостановить исполнение Договора.
6.1.4. Балансты толықтыруға арналған төлем мөлшерін Төлем агенті өз Аумағында күн сайын қабылданатын Төлемдердің көлеміне қарай дербес есептейді.	6.1.4. Размер платежа в целях пополнения Баланса рассчитывается Платежным агентом самостоятельно исходя из объема Платежей, принимаемых ежедневно на Территории Платежного агента.
6.1.5. Төлем агенті енгізген Баланс сомасына ешқандай пайыздар және/немесе сыйақы есептелмейді және төленбейді.	6.1.5. На сумму Баланса, внесенного Платежным агентом, никакие проценты и/или вознаграждение не начисляются и не выплачиваются.
6.1.6. Баланс қалдығындағы ақша қаражатын Төлем ұйымы осы Шарт бұзылған кезде оны бұзу туралы келісімде белгіленген тәртіппен Төлем агентіне қайтарады. Осы Шарт бұзылғанға дейін Төлем агенті Балансты толықтыру мақсатында Төлем ұйымына аударған ақша қаражаты қайтарылмайды.	6.1.6. Денежные средства на остатке Баланса возвращаются Платежной организацией Платежному агенту при расторжении настоящего Договора в порядке, установленном соглашением о расторжении настоящего Договора. До расторжения настоящего Договора возврат денежных средств, перечисленных Платежным агентом Платежной организации с целью пополнения Баланса, не производится.

Қазақша	Русский
6.1.7. Төлем агентіне алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз (аванс енгізусіз) төлемдерді қабылдау үшін Лимит берілген жағдайда, 6.1.2-тармақта көзделген талаптар қолданылмайды.	6.1.7. Условия, предусмотренные п. 6.1.2. не применяются в случае предоставления Платежному агенту Лимита для приема платежей без предварительного денежного обеспечения (без внесения аванса).
6.1.8. Алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз төлемдерді қабылдау Лимиті Төлем ұйымы белгілеген нысан бойынша Төлем агентінің өтініші негізінде белгіленеді және Төлем агенті орнататын, төлемдерді қабылдау жөніндегі қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтылымның жұмысын бұғаттамауға мүмкіндік береді. Лимиттің мөлшерін/сомасын Төлем ұйымы өзінің регламенттеріне сәйкес Төлем агентінің төлем айналымына және/немесе Төлем агенті ұсынған баламалы қамтамасыз етуге қарай дербес айқындайды. Төлем агенті Төлем ұйымына қамтамасыз ету ұсынған кезде тараптар жасасатын кепіл/кепілдік шарттары Төлем ұйымы айқындайтын нысандар бойынша және тәртіппен жасалады.	6.1.8. Лимит для приема платежей без предварительного денежного обеспечения устанавливается Платежному агенту по его заявлению по форме устанавливаемой Платежной организацией и позволяет не блокировать работу программного обеспечения, устанавливаемого Платежным агентом и обеспечивающего оказание Платежным агентом услуг по приему платежей. Размер/ Сумма Лимита определяется Платежной организацией самостоятельно согласно собственным регламентам, в зависимости от оборота платежей Платежного агента и/или в зависимости от альтернативного обеспечения, представленного Платежным агентом в адрес Платежной организации. Договоры залога/договоры гарантии при предоставлении Платежным агентом обеспечения в адрес Платежной организации заключаются сторонами по формам и в порядке, определяемым Платежной организацией.
6.1.9. Пайдаланылған Лимит Төлем ұйымы көрсеткен/бекіткен мерзімдерде уақтылы толықтырылмаған жағдайда, Төлем агенті Шарттың 8.4-тармағында көзделген жауапкершілікті көтереді.	6.1.9. В случае несвоевременного восполнения использованного Лимита в сроки указанные/ утвержденные Платежной организацией, Платежный агент несет ответственность, предусмотренную п. 8.4. Договора
7. Төлем агентіне сыйақы төлеу тәртібі	**7. Порядок выплаты вознаграждения Платежному агенту**
7.1. Төлем агентінің сыйақы мөлшері Тарифтік жоспармен айқындалады. Сыйақы Төлем агенті қабылдаған және аударған әрбір Төлем сомасының пайызы ретінде есептеледі және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Төлем агентінің ҚҚС төлеуші мәртебесіне қарай ҚҚС-ты қамтиды. Сыйақы мөлшері Төлем агентінің қабылданатын төлемдерді ақшалай немесе баламалы нысанда алдын ала қамтамасыз етуіне байланысты болады:	7.1. Размер вознаграждения Платежного агента определяется Тарифным планом. Вознаграждение Платежного агента исчисляется в процентах от суммы каждого Платежа, принятого и перечисленного Платежным агентом, и включает в себя НДС в зависимости от статуса Платежного агента в качестве плательщика НДС в соответствии с действующим законодательством РК. Размер вознаграждения Платежного агента зависит от предварительного обеспечения Платежным агентом принимаемых платежей в денежной или альтернативной форме:
7.2. Төлем агенті төлемдерді алдын ала ақшалай қамтамасыз еткен жағдайда (өз балансына аванс енгізгенде), оның сыйақы мөлшерлемесі Тарифтік жоспарда көрсетіледі.	7.2. В случае предварительного денежного обеспечения Платежным агентом платежей (внесения аванса на баланс Платежного агента) ставка вознаграждения Платежного агента указана в Тарифном плане.

Қазақша	Русский
7.3. Төлем агентіне қабылданатын төлемдерді алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз қабылдау үшін Лимит белгіленген жағдайда, оның сыйақысы Төлем ұйымы мынадай тәртіппен есептейтін жалпы сомаға түзетіледі: Төлем агенті әрбір күнде пайдаланған Лимит сомасы жылдық 20 % мөлшерлемеге көбейтіледі.	7.3. В случае установки Платежному агенту Лимита для приема платежей без предварительного денежного обеспечения принимаемых платежным агентом платежей, вознаграждение Платежного агента корректируется на общую сумму рассчитываемую Платежной организацией, в следующем порядке: сумма израсходованного Платежным агентом Лимита за каждый день умноженная на ставку 20 % годовых.
7.4. Төлем агентінің әрбір Төлем бойынша сыйақысын есептеу кезінде үтірден кейінгі екі таңбаға дейін (теңгенің жүзден бір бөлігіне дейін) математикалық дөңгелектеу қолданылады; алынған сыйақы Есепті кезеңдегі Төлем агентінің барлық Төлемдері бойынша осындай сыйақы сомаларымен қосылады.	7.4. При начислении вознаграждения Платежного агента по каждому Платежу применяется математическое округление до двух знаков после запятой (сотых тенге), полученное вознаграждение суммируется с аналогичными суммами вознаграждения по всем Платежам Платежного агента в Отчетном периоде.
7.5. Осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген Төлем агентінің сыйақысы Төлеушілер Төлем агенті арқылы Қызмет көрсетушінің пайдасына жасаған төлемдер/операциялар сомасының пайызы ретінде есептеледі (олар туралы ақпаратты Төлем ұйымының ақпараттық жүйелері қабылдаған және өңдеген болса). Егер Төлем агенті есепті ай ішінде Төлем ұйымы белгілеген Лимит шеңберінде (алдын ала ақшалай қамтамасыз етусіз) төлемдерді қабылдаса, тиісті ай қорытындысы бойынша оның Сыйақы сомасынан осы Шарттың 7.3-тармағына сәйкес сыйақы шегеріледі.	7.5. Вознаграждение Платежного агента, предусмотренное разделом 7 настоящего Договора, исчисляется в процентах от суммы платежей/операций, совершенных Плательщиками через Платежного агента в пользу Поставщика услуг (по которым информация принята и обработана информационными системами Платежной организации), при этом в случае если Платежный агент в течение отчетного месяца принимает платежи в рамках установленного Платежной организацией Лимита (без предварительного денежного обеспечения) от суммы Вознаграждения Платежного агента по итогам соответствующего месяца отнимается вознаграждение согласно п. 7.3. Настоящего договора.
7.6. Төлем ұйымы Есепті кезең аяқталған күннен бастап 13 күнтізбелік күн ішінде осы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша Төлем агентінің есебін (бұдан әрі – Есеп) қалыптастырады. Есеп Төлем агентінің танысуы және қол қоюы үшін ЭҚЖ-да орналастырылады.	7.6. Платежная организация в течение 13 календарных дней с даты окончания Отчетного периода формирует отчет Платежного агента по форме, указанной в Приложении № 1 к настоящему Договору (далее – Отчет). Отчет размещается в СЭД для ознакомления и подписания Платежным агентом.
7.7. Төлем агенті Есепті кезең аяқталған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ЭҚЖ-дағы Есепке өз тарапынан қол қоюға міндетті. Көрсетілген құжаттармен бірге сол мерзімде Төлем агенті https://esf.gov.kz сайтында өзінің сыйақы сомасына орындалған жұмыстардың электрондық актісін және электрондық шот-фактураны ұсынуға міндетті.	7.7. Платежный агент обязан подписать со своей стороны в течение 15 (Пятнадцати) календарных дней с даты окончания Отчетного периода Отчет в СЭД. Вместе с указанными документами Платежный агент в тот же срок обязан выставить на сайте https://esf.gov.kz электронный акт выполненных работ и электронный счет-фактуру на сумму вознаграждения Платежного агента.
7.8. Төлем ұйымы қалыптастырған Есептің және/немесе Актінің деректерімен келіспеушіліктер анықталған жағдайда, Төлем агенті Есеп пен орындалған жұмыстар актісі қалыптастырылған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде өзінің дәлелді бас тартуын жазбаша түрде info@koina.kz электрондық поштасына жіберуге міндетті.	7.8. В случае выявления Платежным агентом разногласий с данными Отчета и/или Акта, сформированных Платежной организацией, Платежный агент в течение 1 (Одного) календарного дня с даты формирования Отчета и акта выполненных работ обязан направить свой мотивированный отказ в письменной форме на электронную почту: info@koina.kz

Қазақша	Русский
7.9. Төлем ұйымы 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде Төлем агенті осы Шарттың 7.8-тармағына сәйкес анықтаған алшақтықтармен келісетінін білдіреді не дәлелді бас тартуды ұсынады. Төлем ұйымының шешімі Тараптар арасындағы есеп айырысуларды жүргізу үшін түпкілікті болып табылады.	7.9. Платежная организация в течение 1 (Одного) календарного дня предоставляет Платежному Агенту согласие с расхождениями, выявленными Платежным агентом в соответствии с п. 7.8. настоящего Договора, либо предоставляет мотивированный отказ. Решение Платежной организации является окончательным для произведения расчетов между Сторонами.
7.10. Төлем агентінің Шарттың 7.7-тармағында көзделген міндеттемелерін орындаған күні деп мына күндердің ең кеші есептеледі:	7.10. Датой исполнения Платежным агентом обязательств, предусмотренных п. 7.7. Договора, следует считать наиболее позднюю из следующих дат:
– Төлем агентінің ЭҚЖ-дағы Есепке қол қойған күні;	- дата подписания Платежным агентом Отчета в СЭД,
– https://esf.gov.kz сайтында орындалған жұмыстардың электрондық актісі мен шот-фактураны жазып берген күні.	- дата выписки электронного акта выполненных работ и счета-фактуры на сайте https://esf.gov.kz.
7.11. Төлем агентінің осы Шарттың 7.7-тармағында көзделген міндеттемесі Есепті кезең аяқталған күннен бастап 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн ішінде орындалмаса, тиісті Есепті кезең үшін оның сыйақысы ҚҚС-ты қоса алғанда 1 (бір) теңге сомасы негізінде қайта есептеледі. Бұл ретте Төлем ұйымы өзіндегі Төлем агенті қабылдаған Төлемдер туралы деректер негізінде ЭҚЖ арқылы Есепке және орындалған жұмыстар актісіне біржақты қол қоюға құқылы. Мұндай Есеп пен орындалған жұмыстар актісі Тараптар үшін түпкілікті болып табылады, Төлем агенті кейіннен олардың жарамсыздығына сілтеме жасай алмайды.	7.11. В случае если обязательство Платежного агента, предусмотренное п. 7.7. настоящего Договора, не исполнено в течение 25 (Двадцати пяти) календарных дней с даты окончания Отчетного периода, вознаграждение Платежного агента за соответствующий Отчетный период пересчитывается исходя из суммы 1 (Один) тенге, включая НДС, за такой Отчетный период, а Платежная организация вправе подписать посредством СЭД Отчет и акт выполненных работ в одностороннем порядке исходя из тех данных о принятых Платежным агентом Платежах, которыми Платежная организация располагает. Данный Отчет и акт выполненных работ в этом случае являются окончательными для Сторон, Платежный агент не может ссылаться на их недействительность в дальнейшем.
7.12. Егер осы Шартта және/немесе Тарифтік жоспарда өзгеше көзделмесе, Төлем ұйымы Төлем агентінің сыйақысын оның Балансын толықтыру арқылы, Төлем агенті Есепке, Актіге қол қойған және Төлем ұйымына электрондық шот-фактураны ұсынған күннен бастап не Төлем ұйымы Шарттың 7.11-тармағына сәйкес Есепке және Актіге біржақты қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлейді.	7.12. Выплата вознаграждения Платежного агента осуществляется Платежной организацией путем пополнения Баланса Платежного агента в течение 5 (Пяти) рабочих дней с даты подписания Платежным агентом Отчета, Акта и выставления Платежным агентом в адрес Платежной организации электронного счета-фактуры либо с даты одностороннего подписания Отчета и Акта Платежной организацией в соответствии с п. 7.11 Договора, если иное не предусмотрено настоящим Договором и/или Тарифным планом.

Қазақша	Русский
7.13. Төлем агенті осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Төлем ұйымы тұрақсыздық айыптарын, айыппұлдар мен өсімпұлдарды сыйақы сомасынан ұстайды және/немесе тиісті сомаларды Баланстан есептен шығарады. Оларды ұстау үшін Сыйақы сомасы және/немесе Баланстағы ақша жеткіліксіз болса, Төлем ұйымы өз таңдауы бойынша жетіспейтін соманы кейінгі сыйақылардан және/немесе Төлем агентінің Балансты кейінгі толықтыруларынан ұстауға не сотқа жүгініп, тиісті сомаларды кейіннен Төлем агентінен өндіріп алуға құқылы.	7.13. В случае нарушения Платежным агентом условий настоящего Договора суммы неустоек, штрафов и пени удерживаются Платежной организацией из суммы вознаграждения и/или путем списания соответствующих сумм неустоек, штрафов и пени с Баланса. В случае недостаточности суммы Вознаграждения и/или денег на Балансе для удержания неустоек, штрафов и пени, Платежная организация вправе по своему выбору удержать недостающую сумму с последующих вознаграждений и/или пополнений Платежным агентом Баланса либо обратиться в суд с последующим взысканием с Платежного агента соответствующих сумм неустоек, штрафов и пени.
7.14. Төлем агенті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ҚҚС төлеуші болған немесе ҚҚС төлеуші болуын тоқтатқан жағдайда, ҚҚС төлеуші мәртебесі өзгерген сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Төлем ұйымына жазбаша хабарлауға міндеттенеді. Бұл жағдайда Төлем агентінің сыйақы мөлшерлемелері Төлем ұйымы аталған хабарламаны алған сәттен бастап Тараптардың қосымша келісуінсіз ҚҚС мөлшерлемесінің шамасына өзгереді.	7.14. В случае если Платежный агент становится либо перестает быть плательщиком НДС в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, он обязуется письменно уведомить об этом Платежную организацию не позднее 7 (Семи) календарных дней с момента изменения статуса плательщика НДС. Ставки вознаграждения Платежного агента в этом случае с момента получения Платежной организацией вышеуказанного уведомления от Платежного агента изменяются на величину ставки НДС без дополнительного согласования Сторонами.
7.15. Тарифтік жоспарда көзделген жағдайларда Төлем агенті өзіне тиесілі сыйақы сомасын аударылатын Төлемдер сомаларынан ұстап, кейіннен жүргізілген ұсталымдарды Салыстырып тексеру актісінде көрсетуге құқылы. Егер Тараптардың қосымша келісімінде өзгеше көзделмесе, Салыстырып тексеру актісінде көрсетілген сыйақының жалпы сомасы Төлем ұйымының Төлем агентіне қарсы талаптарының есебіне жатқызылады.	7.15. В случаях, предусмотренных Тарифным планом, Платежный агент вправе удерживать сумму причитающегося ему вознаграждения из сумм перечисляемых Платежей с последующим отражением произведенных удержаний в Акте сверки. Общая сумма вознаграждения, отраженная в Акте сверки, зачитывается в счет встречных требований Платежной организации к Платежному агенту, если иное не предусмотрено дополнительным соглашением Сторон Договора.
8. Тараптардың жауапкершілігі	**8. Ответственность Сторон**
8.1. Төлем агенті Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, осындай бұзушылықтан туындауы мүмкін Төлем ұйымының залалдары үшін жауапкершіліктен босатылмайды.	8.1. В случае нарушения Платежным агентом своих обязательств по Договору Платежный агент не освобождается от ответственности за убытки Платежной организации, которые могут возникнуть из-за такого нарушения.
8.2. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау Шарт жасалғаннан кейін Тарап алдын ала болжай алмаған әрі ақылға қонымды шаралармен алдын ала алмаған төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) салдары болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.	8.2. Стороны освобождаются от ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по Договору, если это неисполнение явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы, возникших после заключения Договора в результате событий чрезвычайного характера, которые Сторона не могла ни предвидеть, ни предотвратить разумными мерами (форс-мажор).

Қазақша	Русский
8.3. Төлем агенті осы Шарттың 4.3.5, 4.3.6, 4.2.9, 4.2.10-тармақтарына сәйкес төлем қызметтерін көрсету кезінде Заңда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді. Көрсетілген айыппұл өндіріп алынғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.	8.3. За несоблюдение Платежным агентом установленных Законом требований при оказании платежных услуг согласно пп. 4.3.5, 4.3.6, 4.2.9, 4.2.10 настоящего Договора Платежный агент несет ответственность в виде штрафа в размере 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей. Действие (бездействие), совершенное повторно в течение года после взыскания указанного штрафа, влечет ответственность в виде штрафа в размере 100 (ста) месячных расчетных показателей.
8.4. Төлем агенті мен Төлем ұйымы арасында жасалған кез келген Шарттар бойынша Төлем агентінің міндеттемелерін орындамауынан туындаған кез келген берешек өтелмеген жағдайда, Төлем ұйымы Төлем агентіне Төлемдерді қабылдаудың техникалық мүмкіндігін беруден бас тартуға құқылы, ал Төлем агенті міндеттемелерін орындауды кешіктірген әрбір күн үшін берешек сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) %-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді.	8.4. В случае непогашения любой задолженности, возникшей из-за неисполнения Платежным агентом обязательств, по любым Договорам заключенным между Платежным Агентом и Платежной организацией, Платежная организация имеет право отказать Платежному агенту в технической возможности принимать Платежи, а Платежный агент несет ответственность в виде штрафа в размере 0,5 (ноль целых пять десятых) % от суммы задолженности Платежного агента за каждый день просрочки исполнения своих обязательств.
8.5. Төлем агенті және Төлем ұйымы Қызметтерді көрсету барысында және соған байланысты туындайтын Қызмет көрсетушінің Клиенттер алдындағы міндеттемелері бойынша жауап бермейді.	8.5. Платежный агент и Платежная организация не несут ответственности по обязательствам Поставщика услуг перед Клиентами, возникающим в процессе и в связи с оказанием Услуг.
8.6. Төлем агенті өз Аумағы туралы мәліметтерді Төлем ұйымына хабарламаған немесе көрінеу жалған мәліметтер берген жағдайда, әрбір бұзушылық фактісі үшін 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.	8.6. В случае несообщения либо заведомо ложного сообщения Платежной организации сведений о Территории Платежного агента Платежный агент обязан выплатить Платежной организации штраф в размере 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей за каждый факт нарушения.
8.7. Төлем ұйымы/Қызмет көрсетуші Төлем агентінің Төлемдерді қабылдау кезінде Төлеушіден қандай да бір қосымша алымдарды тиісінше емес алуын немесе Төлем агентінің Тарифтік жоспарында көрсетілмеген қосымша ақылы қызметтерді Төлем қабылдаудың шарты ретінде ұсынуын анықтаса, Төлем ұйымы әрбір Қызмет көрсетуші бойынша әрбір бұзушылық/Төлем үшін 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) Төлем агентінің Төлем ұйымы алдында 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілігіне әкеп соғады.	8.7. В случае обнаружения Платежной организацией/Поставщиком услуг факта ненадлежащего взимания Платежным агентом с Плательщика при приеме Платежа каких-либо дополнительных сборов или предложения Плательщику дополнительных платных услуг в качестве условия приема Платежей за услуги Поставщика услуг, не указанных в Тарифном плане Платежного агента, Платежная организация вправе требовать уплаты Платежным агентом штрафа в размере 200 000 (Двести тысяч) тенге за каждое нарушение/Платеж по каждому Поставщику услуг. Действие (бездействие), совершенное повторно в течение года после наложения взыскания, влечет ответственность Платежного агента перед Платежной организацией в виде штрафа в размере 100 (Ста) месячных расчетных показателей.

Қазақша	Русский
8.8. Төлем агенті өзінің Терминалының ақауына, Балансқа қалдықтың болмауына және өзінің әрекеттерінен/әрекетсіздігінен туындаған өзге себептерге байланысты Жүйеде Төлемнің өтпеуі жөніндегі Төлеушілермен даулы жағдайларды өз бетінше және өз есебінен шешеді.	8.8. Платежный агент самостоятельно и за собственный счет разрешает спорные ситуации с Плательщиками, связанные с непрохождением Платежа в Системе в связи с неисправностью Терминала Платежного агента, отсутствием остатка на Балансе, а также иными причинами, вызванными действиями/бездействием Платежного агента.
8.9. Осы Шарттың 7.14-тармағына сәйкес ҚҚС төлеуші мәртебесінің өзгергені туралы уақтылы хабарламағаны үшін Төлем агенті әрбір бұзушылық фактісі үшін 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.	8.9. За несвоевременное уведомление об изменении статуса плательщика НДС согласно п. 7.14 настоящего Договора Платежный агент обязуется выплатить штраф в размере 100 (Ста) месячных расчетных показателей за факт нарушения.
8.10. Төлем агентінің осы Шарттың 4.2.5-тармағын бұзуы мемлекеттік органдардың және/немесе үшінші тұлғалардың Төлем ұйымына талаптар, талап қоюлар және/немесе айыппұл санкцияларын төлеу туралы нұсқамалар қоюына негіз болса, Төлем ұйымы бұл туралы Төлем агентіне дереу хабарлауға міндеттенеді. Өз кезегінде Төлем агенті Төлем ұйымының талабы бойынша барлық сұратылған ақпаратты дереу беруге, осындай талаптар мен талап қоюларды реттеуге жәрдемдесуге, сондай-ақ Төлем агентінің Шарттың 4.2.5-тармағын бұзуы нәтижесінде үшінші тұлғалардың құқықтары және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бұзылуына байланысты қойылған талаптардан, талап қоюлардан, нұсқамалардан Төлем ұйымы шеккен барлық шығыстарды (оның ішінде сот шығыстарын, айыппұл төлеу шығыстарын) өтеуге міндеттенеді.	8.10. В случае если нарушение Платежным агентом п. 4.2.5 настоящего Договора явилось основанием для предъявления к Платежной организации претензий, исков и/или предписаний по уплате штрафных санкций со стороны государственных органов и/или третьих лиц, Платежная организация обязуется немедленно уведомить об этом Платежного агента, а Платежный агент, в свою очередь, обязуется незамедлительно по требованию Платежной организации предоставить всю запрашиваемую информацию, содействовать Платежной организации в урегулировании таких претензий и исков, а также возместить все расходы (включая судебные расходы, расходы по уплате штрафов), понесенные Платежной организацией вследствие предъявления ей таких претензий, исков, предписаний в связи с нарушением прав третьих лиц и/или действующего законодательства Республики Казахстан в результате нарушения Платежным агентом п. 4.2.5 Договора.
8.11. Төлем агенті осы Шарттың 4.1.5-тармағында көрсетілген мерзімдерді бұзғаны үшін 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді, ал Төлем ұйымы Төлем агенті осы Шарттың 4.1.5-тармағына сәйкес құжаттарды ұсыну міндеттемелерін орындаған күнге дейін Шарттың қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.	8.11. За нарушение Платежным агентом сроков, указанных в п. 4.1.5. настоящего Договора, Платежный агент обязуется выплатить штраф в размере 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей, а Платежная организация вправе приостановить действие настоящего Договора до даты исполнения Платежным агентом своих обязательств по предоставлению документов в соответствии с п. 4.1.5. настоящего Договора.
8.12. Кез келген тұрақсыздық айыптарын және айыппұл санкцияларын өндіріп алу Тараптардың міндеті болып табылмайды; бұл құқықты Тарап өз қалауы бойынша іске асырады.	8.12. Взыскание любых неустоек и штрафных санкций не является обязанностью Сторон, право на взыскание неустоек реализуется Стороной по собственному усмотрению.
8.13. Айыппұл санкцияларын төлеу кінәлі Тарапты қабылдаған міндеттемелерін тиісінше орындаудан және осы Шартты сақтаудан босатпайды.	8.13. Уплата штрафных санкций не освобождает виновную Сторону от надлежащего исполнения принятых обязательств и соблюдения настоящего Договора.

Қазақша	Русский
8.14. Осы Шартта көрсетілген барлық тұрақсыздық айыптарын, айыппұлдарды, өсімпұлдарды және басқа айыппұл санкцияларын Төлем ұйымы Төлем агентінің Балансынан акцептсіз есептен шығару арқылы ұстайды. Баланста берешекті өтеуге жеткілікті сома болмаған жағдайда, Төлем агенті жетіспейтін берешек сомасын толық көлемде 3 (үш) жұмыс күні ішінде Төлем ұйымына төлеуге міндетті.	8.14. Все неустойки, штрафы, пени и другие штрафные санкции, указанные в настоящем Договоре, удерживаются Платежной организацией путем безакцептного списания таких сумм с Баланса Платежного агента. В случае отсутствия у Платежного агента на Балансе достаточной суммы для покрытия суммы своей задолженности Платежный агент обязан уплатить Платежной организации в течение 3 (трех) рабочих дней всю недостающую сумму задолженности.
8.15. Төлем агенті Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Төлем ұйымының ішкі бақылау қағидаларын бұзған және/немесе ықтимал бұзушылық фактілері болған жағдайда, Төлем ұйымы Төлем агентіне хабарлай отырып, осы Шартты дереу біржақты бұзу құқығын өзіне қалдырады. Шарттың бұзылған күні Төлем агенті тиісті хабарламаны алған күн болып табылады.	8.15. В случае нарушения и/или наличия фактов возможного нарушения Платежным агентом законодательства Республики Казахстан, включая Закон Республики Казахстан от 28.08.2009 г. № 191-IV «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения», и других нормативно-правовых актов Республики Казахстан в области противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, или финансирования терроризма, правил внутреннего контроля Платежной организации Платежная организация оставляет за собой право незамедлительно расторгнуть настоящий Договор в одностороннем порядке, уведомив об этом Платежного агента. Датой расторжения будет являться дата получения Платежным агентом соответствующего уведомления.
8.16. Төлем ұйымы Төлем агентінен өзінің ішкі регламенттері мен рәсімдерінде айқындалған күмәнді операцияларды, оның ішінде күмәнді операциялар есебінен Төлем агентінің сыйақысын ұлғайтуға бағытталған және/немесе өзге осындай операцияларды анықтаған жағдайда, Төлем ұйымы осындай операциялар анықталған Есепті кезең үшін Төлем агентіне сыйақыны есептеуден және/немесе төлеуден бас тартуға құқылы. Сыйақы бұрын төленген болса, Төлем ұйымы Төлем агентінен төленген сыйақының тиісті сомасын қайтаруды талап етуге құқылы. Бұл ретте Төлем ұйымы тиісті Төлем агентімен іскерлік қатынастарды бұзу құқығын өзіне қалдырады.	8.16. В случае выявления Платежной организацией у Платежного агента сомнительных операций, определенных внутренними регламентами и процедурами Платежной организации, включая операции, целью которых является увеличение вознаграждения Платежного агента за счет сомнительных операций и/или другие подобные операции, Платежная организация вправе отказать Платежному агенту в начислении и/или выплате вознаграждения за тот Отчетный период, в котором были выявлены подобные операции, а в случае если вознаграждение было выплачено ранее, Платежная организация вправе выставить Платежному агенту к возврату соответствующую сумму выплаченного вознаграждения, при этом Платежная организация оставляет за собой право расторгнуть деловые отношения с соответствующим Платежным агентом.

Қазақша	Русский
9. Шарттың қолданылуы	**9. Действие Договора**
9.1. Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері Төлем агентінің Жүйеде тіркелгені туралы мәліметтер көрсетілген Өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Бұл Төлем агентінің осы Шарттың талаптарымен келісетінін және оларды сақтауға міндеттенетінін білдіреді. Шарт Тараптар өзара есеп айырысуды жүргізген жағдайда, кез келген Тараптың бастамасы бойынша екінші Тарапқа болжамды бұзу күнінен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлай отырып бұзылған күнге дейін қолданылады.	9.1. Договор вступает в силу с даты подписания уполномоченными представителями Сторон Заявления с указанием сведений о регистрации Платежного агента в Системе, что означает, что Платежный агент согласен с условиями настоящего Договора и обязуется их соблюдать, и действует до даты его расторжения по инициативе любой из Сторон с предварительным уведомлением другой Стороны за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения при условии проведения Сторонами взаиморасчетов.
9.2. Төлем агентінің Аумағында Төлемдерді қабылдауға еңсерілмейтін кедергілер болған жағдайда, оның өтініші бойынша Шарттың қолданылуы тоқтатыла тұруы мүмкін. Шарттың қолданылуын тоқтата тұруға Төлем ұйымына жазбаша хабарлау және тоқтата тұру талаптары мен Шарттың қолданылуын қайта бастау әрекеттерінің тәртібі қамтылған оның келісімі негіз болады.	9.2. По заявлению Платежного агента действие Договора может быть приостановлено в случае наличия непреодолимых препятствий для приема Платежей на Территории Платежного агента. Основанием для приостановления действия Договора является письменное уведомление Платежной организации и ее согласие, содержащее условия приостановления и порядок действий по возобновлению действия Договора.
9.3. Осы Шарт бұзылған немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұрған күннен бастап Төлем агентінің Төлемдерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктері тоқтатылады.	9.3. С даты расторжения либо приостановления действия данного Договора прекращаются полномочия Платежного агента на прием Платежей.
9.4. Егер Шартты бұзуға Тараптардың бірінің оны елеулі түрде бұзуы негіз болса, екінші Тарап Шартты бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.	9.4. Если основанием для расторжения Договора послужило существенное его нарушение одной из Сторон, другая Сторона вправе требовать возмещения убытков, причиненных расторжением.
9.5. Тараптардың ақшалай міндеттемелері, сондай-ақ Шартты бұзғаны үшін Тараптардың жауапкершілігін айқындайтын міндеттемелері толық орындалғанға дейін сақталады.	9.5. Денежные обязательства Сторон, а также обязательства, определяющие ответственность Сторон за нарушение Договора, сохраняются до момента их полного исполнения.
9.6. Шарт бұзылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Төлем ұйымы Төлем агентіне ЭҚЖ арқылы салыстырып тексеру актісін жібереді, ал Төлем агенті оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде актіге қол қоюға немесе дәлелді бас тартуды жіберуге міндеттенеді.	9.6. В течение 10 (Десяти) рабочих дней с даты расторжения Договора Платежная организация направляет Платежному агенту в СЭД акт сверки, а Платежный агент обязуется подписать его или направить мотивированный отказ в течение 3 (Трех) рабочих дней с даты получения акта сверки.
9.7. Шарт бұзылған кезде Төлем агентінің Балансындағы ақша қаражатын Төлем ұйымы Тараптар салыстырып тексеру актісіне қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Төлем агентінің банктік шотына төлейді.	9.7. Выплата денежных средств с Баланса Платежного агента при расторжении Договора производится Платежной организацией на банковский счет Платежного агента в течение 5 (Пяти) рабочих дней с даты подписания акта сверки Сторонами.

Қазақша	Русский
10. Мерзімдер күндер және уақыт	**10. Сроки, даты и время**
10.1. Шарт Тараптарының міндеттемелерді орындау мерзімдері күнтізбелік күндермен есептеледі. Егер Шарт бойынша ақшалай міндеттемені орындау күні жұмыс істемейтін күнге түссе, оны орындау мерзімі сол күннен кейінгі ең жақын жұмыс күніне ауыстырылады.	10.1. Сроки исполнения обязательств Сторонами Договора исчисляются в календарных днях. Если дата исполнения денежного обязательства по Договору приходится на нерабочий день, срок его исполнения переносится на ближайший рабочий день, следующий за датой исполнения обязательства.
10.2. Шарт Тарабының кез келген әрекеттерді жасау күні мен уақыты Астана қаласының уақыты бойынша айқындалады.	10.2. Дата и время совершения любых действий Стороны Договора определяются по времени г. Астаны.
10.3. Тараптардың кез келгенінің жазбаша хабарламасы (оның ішінде хабарлама/хат/талап және т.б., бірақ бұлармен шектелмей) төмендегі оқиғалардың қайсысы ертерек орын алғанына қарай жіберілген болып есептеледі:	10.3. Письменное сообщение (включая, но не ограничиваясь: уведомление/письмо/ претензия и пр.) любой из Сторон считается отправленным в зависимости от того, какое событие произошло раньше:
а) хабарлама мәтіні Төлем ұйымының сайтында, Жеке парақшада жарияланған немесе осы хабарламаны қамтитын электрондық құжат жіберілген сәттен бастап;	а) с момента публикации текста сообщения на сайте Платежной организации, на Личной странице или отправки электронного документа, представляющего собой указанное сообщение;
б) хабарлама электрондық пошта/хабар алмасу қолданбалары (мессенджер) арқылы жіберілген сәттен бастап;	б) с момента отправки сообщения по электронной почте/приложениям для обмена сообщениями (мессенджер);
в) жазбаша құжат Тараптың уәкілетті өкіліне курьер арқылы немесе факсимильдік байланыс көмегімен табыс етілген сәттен бастап;	в) с момента вручения письменного документа курьером или с помощью факсимильной связи уполномоченному представителю Стороны;
г) хабарлама ЭҚЖ-ға жіберілген күннен бастап.	г) с даты направления сообщения в СЭД.
11. Құпиялылық және қауіпсіздік	**11. Конфиденциальность и безопасность**
11.1. Тараптар Жүйеде алмасылатын немесе Жүйені пайдалану арқылы қолжетімді ақпарат пен құжаттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.	11.1. Стороны обязуются принимать все необходимые меры по безопасности и защите информации и документов, обмен которыми осуществляется в Системе или которые доступны Сторонам с использованием Системы.
11.2. Төлем агенті өзінің аутентификация деректерінің құпиялылығын сақтау, рұқсатсыз пайдалануды болдырмау және оларды үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуінен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды өз бетінше қабылдауға міндетті.	11.2. Платежный агент обязан самостоятельно принимать все необходимые меры по сохранению конфиденциальности, предотвращению несанкционированного использования и защите аутентификационных данных Платежного агента от несанкционированного доступа со стороны третьих лиц.

Қазақша	Русский
11.3. Төлем ұйымы осы Шартты орындауға байланысты өзіне белгілі болған Төлем агенті туралы жалпыға қолжетімді емес мәліметтердің (оның ішінде Шарт талаптарының, авторизация деректемелерінің, Төлемдерді қабылдау пункттері туралы мәліметтердің, Есептер деректерінің) құпиялылығын сақтауға міндеттенеді, мына жағдайлар бұған кірмейді:	11.3. Платежная организация обязуется соблюдать конфиденциальность в отношении не являющихся общедоступными сведений о Платежном агенте, ставших известными Платежной организации в связи с исполнением настоящего Договора (в том числе условия Договора, авторизационные реквизиты, сведения о Пунктах приема платежей, данные Отчетов), за исключением случаев, когда:
мұндай ақпарат жалпыға қолжетімді болса;	такая информация является общедоступной;
Төлем агентінің талабы бойынша немесе оның рұқсатымен ашылса;	раскрыта по требованию или с разрешения Платежного агента;
Шарт талаптарын орындауға қажетті көлемде үшінші тұлғаларға берілуге тиіс болса;	подлежит предоставлению третьим лицам в объеме, необходимом для исполнения условий Договора;
қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салулары келіп түскенде ашылуға тиіс болса;	требует раскрытия по основаниям, предусмотренным действующим законодательством, или при поступлении соответствующих запросов уполномоченных на то государственных органов;
Төлем агентінің Төлем ұйымымен келісімінде көзделген өзге жағдайларда.	в иных случаях, предусмотренных соглашением Платежного агента с Платежной организацией.
11.4. Төлем агенті төлем сервисі арқылы заңсыз қаржылық операцияларды, заңсыз сауданы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру операцияларын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын кез келген өзге операцияларды жүзеге асыруға құқылы емес.	11.4. Платежный агент не вправе осуществлять посредством платежного сервиса незаконные финансовые операции, незаконную торговлю, операции по легализации доходов, полученных преступным путем, и любые другие операции в нарушение законодательства Республики Казахстан.
11.5. Төлем агенті халықаралық талаптарға сәйкес заңсыз сауда, заңсыз қаржылық операциялар, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған операциялар жасау әрекеттерін болдырмауға міндетті.	11.5. Платежный агент обязан предотвращать попытки незаконной торговли, незаконных финансовых операций, операций, направленных на легализацию (отмывание) доходов, полученных преступным путем, в соответствии с международными требованиями.
11.6. Төлем ұйымы бас тарту себебін көрсете отырып, оның ішінде Төлем агентінің әрекеттерінің заңдылығына негізді күмән туындаған жағдайда, оған Төлемдерді қабылдаудың техникалық мүмкіндігін беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте Төлем ұйымы осындай әрекеттердің заңдылығын растайтын қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы.	11.6. Платежная организация оставляет за собой право отказать Платежному агенту в технической возможности осуществлять прием Платежей с указанием причины отказа, в том числе в случае возникновения обоснованных сомнений в правомерности действий Платежного агента. При этом Платежная организация вправе требовать предоставления дополнительной информации, подтверждающей правомерность таких действий Платежного агента.
11.7. Төлем агенті өзінің авторизация деректерін құпия сақтау үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті. Осы Шартты орындау және өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Төлем агенті:	11.7. Платежный агент обязан принимать все меры к тому, чтобы сохранять в тайне свои авторизационные данные. Во исполнение настоящего Договора и в целях обеспечения собственной безопасности Платежный агент обязан:
бірінші транзакцияны жүргізгенге дейін әкімшінің Жеке парақшаға және Жүйеге кіру құпиясөзін өзгертуге;	до проведения первой транзакции изменить пароль доступа администратора на Личную страницу и в Систему;

Қазақша	Русский
өзінің кез келген аутентификация деректерін үшінші тұлғаларға хабарламауға;	не сообщать любые аутентификационные данные Платежного агента третьим лицам;
аутентификация деректерін ашық байланыс арналары (телефон, факс, электрондық пошта және т.б.) арқылы бермеуге;	не передавать аутентификационные данные Платежного агента по открытым каналам связи (телефон, факс, электронная почта и т.д.);
Төлем ұйымының қызметкерлеріне құпиясөздерді хабарламауға;	не сообщать пароли сотрудникам Платежной организации;
аутентификация деректерін үшінші тұлғаларға қолжетімді кез келген ақпарат тасығыштарға (журналдар, дискеталар және т.б.) оңай танылатын нысанда жазбауға;	не записывать аутентификационные данные Платежного агента в легко распознаваемой форме на любых носителях информации, доступных третьим лицам (журналы, дискеты и т.д.);
Төлем агентінің құпиясөздерін мерзімді түрде, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өзгертуге;	периодически, но не реже одного раза в полгода, изменять пароли Платежного агента;
құпиясөз ретінде оңай табылатын таңбалар тіркесімдерін (цифрлар қатары, мерейтойлар, туған күндер, жеке есімдер және т.б.) пайдаланбауға;	не использовать в качестве паролей легко подбираемые комбинации символов (цифровой ряд, юбилеи, даты рождения, личные имена и т.д.);
құпиясөзді таңдағанда Жеке парақшада және/немесе Төлем ұйымының сайтында жарияланған Төлем ұйымының ұсынымдарын басшылыққа алуға міндетті.	при выборе пароля руководствоваться рекомендациями Платежной организации, публикуемыми на Личной странице и/или на сайте Платежной организации.
11.8. Осы Шарттың мақсаттары үшін төмендегілер Тараптардың құпиялылығы мен қауіпсіздігін бұзу болып табылмайды:	11.8. В целях настоящего Договора не является нарушением конфиденциальности и безопасности Сторон:
Шартты және Тараптардың келісімдерін орындау мақсатында құпия ақпаратты үшінші тарапқа беру;	предоставление конфиденциальной информации третьей стороне в целях исполнения Договора и соглашений Сторон;
кез келген тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерін болдырмау мақсатында құпия ақпаратты беру;	предоставление конфиденциальной информации в целях предотвращения неправомерных действий любых лиц;
уәкілетті мемлекеттік органдардың заңды талабы бойынша, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге жағдайларда құпия ақпаратты беру.	предоставление конфиденциальной информации по законному требованию уполномоченных на то государственных органов, а также в других предусмотренных действующим законодательством РК случаях.
11.9. Төлем агенті қолма-қол ақша арқылы төлем қызметтерін көрсететін Терминалдарды, сондай-ақ Терминалдар жабдықталған бақылау-касса машиналарын салық органында есепке қоюға міндетті. Деректерді тіркеу және беру функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен болып табылатын БКМ-ді қолдану тәртібін реттейтін қолданыстағы заңнаманың бұзылуын мемлекеттік кірістер органдары анықтаған жағдайда, Төлем агенті өз бетінше жауапкершілік көтереді және бұл мәселені Төлем ұйымын тартпай уәкілетті органмен дербес реттеуге міндеттенеді.	11.9. Платежный агент обязан осуществить постановку на учет в налоговом органе Терминалов, оказывающих платежные услуги посредством наличных денег, а также контрольно-кассовых машин, которыми оснащены Терминалы. Платежный агент самостоятельно несет ответственность в случае выявления органами государственных доходов нарушений действующего законодательства, регламентирующего порядок применения ККМ, являющейся аппаратно-программным комплексом с функцией фиксации передачи данных, и обязуется самостоятельно урегулировать данный вопрос с уполномоченным органом без привлечения Платежной организации.

Қазақша	Русский
12. Өзге талаптар	**12. Иные условия**
12.1. Төлем ұйымы Төлем агентіне қосымша жазбаша хабарламастан кез келген уақытта Шартқа және оның Қосымшаларына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын Шарттың жаңа редакциясын жариялау арқылы осы Шартқа біржақты өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Егер жариялау кезінде өзге күшіне ену мерзімі қосымша айқындалмаса, өзгерістер немесе толықтырулар құжаттың өзгертілген жаңа редакциясы жарияланған күні күшіне енеді. Төлем ұйымы Шартқа өзгерістердің және/немесе толықтырулардың олар жарияланғанға дейін туындаған қатынастарға қолданылатынын белгілеуге құқылы.	12.1. Платежная организация вправе в любой момент в одностороннем порядке без дополнительного письменного уведомления Платежного агента вносить изменения или дополнения в настоящий Договор путем публикации Договора в новой редакции, содержащего информацию о таких изменениях в Договор и Приложения к нему. Изменения или дополнения в Договор вступают в силу в день опубликования новой редакции документа с изменениями, если иной срок вступления изменений в силу не определен дополнительно при их публикации. Платежная организация вправе установить, что изменения и/или дополнения в Договор применяются к отношениям, возникшим до опубликования таких изменений.
12.2. Шарттан туындаған немесе туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың бірінің жазбаша өтініші негізінде келіссөздер арқылы шешілуге тиіс. Әрбір Тарап екінші Тараптан наразылық алғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде онда мәлімделген талаптарды қанағаттандыруға немесе дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті. Егер дау 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде наразылық тәртібімен шешілмесе, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.	12.2. Все споры и разногласия, возникшие или которые могут возникнуть из Договора, подлежат разрешению путем переговоров на основании письменного заявления одной из Сторон. Каждая из Сторон после получения от другой Стороны претензии обязана в течение 15 (пятнадцати) календарных дней удовлетворить заявленные в претензии требования либо направить мотивированный отказ. В случае если возникший спор не будет разрешен в претензионном порядке в течение 15 (пятнадцати) календарных дней, данный спор разрешается в судебном порядке в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
12.3. Шартқа қосылған Төлем агенті Шарттың барлық талаптары өзіне түсінікті екеніне және оларды ескертусіз толық көлемде қабылдайтынына кепілдік береді. Осы Шартта көзделмеген барлық мәселелер бойынша Төлем агенті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.	12.3. Платежный агент, присоединившийся к Договору, гарантирует, что все условия Договора ему понятны, и Платежный агент принимает его условия без оговорок и в полном объеме. Во всем, что не предусмотрено настоящим Договором, Платежный агент руководствуется действующим законодательством Республики Казахстан.
12.4. Төлем агенті Төлем ұйымы берген құқықтар мен мүмкіндіктерді осы Шартта және Төлем ұйымының сайтында көрсетілген мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдаланбайтынына кепілдік береді.	12.4. Платежный агент гарантирует, что не будет использовать права и возможности, предоставленные Платежной организацией, в иных целях, нежели указанные в настоящем Договоре и на сайте Платежной организации.
12.5. Мекенжайлары мен банктік деректемелері өзгерген жағдайда, Төлем агенті 3 (үш) жұмыс күні ішінде Төлем ұйымына және/немесе ол уәкілеттік берген үшінші тұлғаға/кәсіпкерлік субъектісіне жазбаша хабарлауға міндеттенеді.	12.5. При изменении адресов и банковских реквизитов Платежный агент обязуется в течение 3 (Трех) рабочих дней письменно известить о таких изменениях Платежную организацию и/или уполномоченное Платежной организацией третье лицо/субъект предпринимательства.

Қазақша	Русский
12.6. Төлем агенті банктік карталарды пайдалана отырып «Koina» электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны өткізу шеңберінде Төлем ұйымы көрсеткен екінші деңгейдегі Банкпен қажетті Шарт жасасуға және электрондық ақшаны өткізу есебіне тиісті төлемдерді қабылдау үшін Банктен POS-терминал алуға міндеттенеді. Төлем ұйымы мен тиісті Банктің ынтымақтастығы шеңберінде Банк Төлем агентіне тек осы Шарттың қолданылу кезеңінде қолданылатын арнайы жеңілдікті тариф береді. Осы Шарт бұзылған жағдайда, Банк пен Төлем агенті арасында өзгеше келісілмесе, Төлем агенті өзіне Банктің стандартты тарифін қолдану үшін тиісті Банкке дереу хабарлауға міндеттенеді.	12.6. В рамках реализации Платежным агентом электронных денег в Системе электронных денег «Koina» с использованием банковских карт, Платежный агент обязуется заключить необходимый Договор с Банком второго уровня указанным платежной организацией, с получением от последнего POS терминала для приема соответствующих платежей в счет реализации Электронных денег, при этом в рамках сотрудничества Платежной организации и соответствующего Банка, последним в адрес Платежного Агента предоставляется специальный льготный тариф, который применяется только в период действия настоящего договора. В случае расторжения настоящего договора Платежный агент обязуется незамедлительно сообщить об этом в соответствующий Банк, для применения к Платежному Агенту стандартного тарифа Банка, если иное не будет согласовано между Банком и Платежным агентом.
12.7. Осы Шарт заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Тілдік нұсқалар арасында алшақтықтар болған жағдайда, Шарттың орыс тілінде жасалған мәтініне басымдық беріледі.	12.7. Настоящий Договор составлен на казахском и русском языках, имеющих равную юридическую силу. В случае разногласий между языками предпочтение будет отдаваться тексту Договора, составленному на русском языке.
12.9. Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай Қосымшалар қоса беріледі:	12.9. К Договору прилагаются следующие Приложения, которые являются неотъемлемой частью настоящего Договора:
№ 1 қосымша: Салыстырып тексеру актісі бар Төлем агенті есебінің нысаны;	Приложение № 1: Форма Отчета Платежного агента с актом сверки;
№ 2 қосымша: Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініштің нысаны;	Приложение № 2: Форма Заявления о присоединении к Договору на оказание платежных услуг Платежным агентом;
№ 3 қосымша: Төлемдерді қабылдау пунктін ұйымдастыруға арналған өтінім нысаны;	Приложение № 3: Форма заявки на организацию пункта приема платежей;
№ 4 қосымша: Төлем агентінің басқаруымен жұмыс істейтін төлемдерді қабылдау пункттері тізілімінің нысаны.	Приложение № 4: Форма реестра пунктов приема платежей, работающих под управлением Платежного агента.

№ 1 қосымша

Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа

НЫСАН

Төлем агентінің № _____ есебі

Төлем қызметтерін көрсету туралы 20___ жылғы «___» _____ № ____ Шарт бойынша орындалған жұмыстар туралы

_____ жыл үшін салыстырып тексеру актісімен

Алматы қ. **_____ 202__ ж.**

Бұдан әрі «Төлем агенті» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында ЖК/ЖШС _____, ЖСН/БСН: _____, бір тараптан, және

Бұдан әрі «Төлем ұйымы» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін директор Ракымжанов Ж.М. тұлғасында «Qamqor Pay» ЖШС Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шарттың орындалуы жөніндегі осы Есепті төмендегі деректермен бекітті:

Есепті айда Төлем агентінің сыйақысын Төлем ұйымы Тарифтік жоспардың (ТЖ) бекітілген мөлшерлемелері бойынша Төлемдерді қабылдағаны үшін есептеді

күні	тг.
Есеп айырысу сальдосы	
бастап дейін	
Төлем агенті қабылдаған төлемдер	
Төлем агенті төлеген төлемдер	
Төлем агентінің е/ш-нан Төлем ұйымының е/ш-на аударылған төлемдер	
Төлем агентінің есептелген сыйақысы (есепті ай үшін)*	
ҚҚС-сыз /Оның ішінде ҚҚС	
Есептелген сыйақыдан есеп айырысу шотына төленгені	
Төлем агентінің балансқа төленген сыйақысы	
Ақпараттық-техникалық қызмет көрсету (оның ішінде ҚҚС __%)	
күні	
Төлем агентінің қабылданған төлемдер бойынша Төлем ұйымына берешегі	
Төлем ұйымының сыйақы бойынша Төлем агентіне берешегі	
Төлем ұйымының аударылған аванс бойынша Төлем агентіне берешегі	
Есеп айырысу сальдосы	

* Бұл жолда Төлем агентінің есепті ай үшін есептелген сыйақысы туралы ақпарат беріледі. Есепке қол қойылғанға дейін сальдоны есептеуге қатыспайды.

Осы қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілді.

Осы есеп өзара есеп айырысу және өзара есепке жатқызу үшін негіз болып табылады.

Тараптардың бір-біріне рекламациялары мен наразылықтары жоқ.

ТӨЛЕМ АГЕНТІ Атауы: _____ Лауазымы: _____ Қолы: _____	ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ «Qamqor Pay» ЖШС Лауазымы: _____ Қолы: _____

Приложение № 1

к Договору на оказание платежных услуг с Платежным агентом

ФОРМА

Отчет Платежного агента № _____

о выполнении работ по Договору на оказание платежных услуг № ____ от «___» _____ 20___ г.

с актом сверки за _____ г.

г. Алматы _____ 202__ г.

ИП/ТОО_____, ИИН/БИН: _____, в лице _____, действующего на основании_____, именуемое в дальнейшем «Платежный агент», с одной стороны, и

ТОО «Qamqor Pay» в лице директора Ракымжанова Ж.М., действующего на основании_____, именуемое в дальнейшем «Платежная организация», утвердили настоящий Отчет об исполнении Договора на оказание платежных услуг с Платежным агентом с нижеследующими данными:

В отчетном месяце вознаграждение Платежного агента рассчитано Платежной организацией по приему Платежей по утвержденным ставкам Тарифного плана (ТП)

на	в тг.
Сальдо расчетов	
с по	
Принято платежей Платежным агентом	
Выплачено платежей Платежным агентом	
Перечислено платежей с р/с Платежного агента на р/с Платежной организации	
Рассчитанное вознаграждение Платежного агента (за отчетный месяц)*	
Без НДС /В том числе НДС	
Выплачено из рассчитанного вознаграждения на расчетный счет	
Вознаграждение Платежного агента, выплаченное на баланс	
Информационно-техническое обслуживание (в том числе НДС __%)	
на	
Долг Платежного агента перед Платежной организацией по принятым платежам	
Долг Платежной организации перед Платежным агентом по вознаграждению	
Долг Платежной организации перед Платежным агентом по перечисленному авансу	
Сальдо расчетов	

* Строка носит информационный характер о рассчитанном вознаграждении Платежного агента за отчетный месяц. Не участвует в расчете сальдо до момента подписания отчета.

Данные услуги были оказаны на территории Республики Казахстан.

Настоящий отчет является основанием для проведения взаиморасчетов и взаимозачетов.

Рекламации, претензии сторон друг к другу отсутствуют.

ПЛАТЕЖНЫЙ АГЕНТ Наименование: _____ Должность: _____ Подпись: _____	ПЛАТЕЖНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ ТОО «Qamqor Pay» Должность: _____ Подпись: _____

№ 2 қосымша

Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа

НЫСАН

ӨТІНІШ

Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу туралы

Осы Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа қосылу туралы өтініш (бұдан әрі – Өтініш) бойынша Төлем агенті Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес «Qamqor Pay» ЖШС төлем ұйымы (бұдан әрі – Төлем ұйымы) бекіткен Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) толық және сөзсіз қосылады. Төлем агенті осы Өтінішті бергенге дейін Шарт талаптарымен https://koina.kz сайтында танысуға міндетті және Төлем ұйымы осы Өтінішті қабылдаған күннен бастап Шарт талаптарын сақтауға міндеттенеді.

Осы Өтінішті бергеннен кейін Төлем агенті Шартпен (толық не ішінара) таныспағанына немесе Төлем ұйымымен қатынастарда Шарт талаптарын орындаудың міндеттілігін мойындамайтынына сілтеме жасай алмайды.

Төлем агенті Төлем ұйымынан оның атына есептік жазба ашуды және Төлем агентінің транзакциялары бойынша Төлем ұйымының өкілеттіктерін жүзеге асыруды сұрайды.

Төлем ұйымында тіркелу үшін Төлем агенті өзі туралы төмендегі деректерді хабарлайды:

Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге арналған Төлем агентінің сауалнамасы		
Барлық өрістерді баспа әріптерімен толтыру міндетті. Оқуға келмейтін деректерді не толық емес немесе қате деректерді енгізгені үшін Төлем агенті жауап береді.		
Заңды тұлғаның толық атауы/ Дара кәсіпкердің толық Т.А.Ә. _____ Төлем ұйымындағы Төлем агентінің атауы: _____ Басшының Т.А.Ә.: _____ Басшының лауазымы:_____ Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органның атауы, тіркеу № және күні: _____ КҰЖЖ коды: _____ ЭҚЖЖ кодтары: _____ Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің орналасқан жері: _____ БСН/ЖСН: _____ ҚҚС төлеу тәртібі: ☐ жалпы режим ☐ төлеуден босатылған Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің пошталық (нақты мекенжайы): Телефон: _____ Факс: _____ e-mail: _____ **Төлем агентінің банктік деректемелері:** Е/Ш №: _____ Банк (қаласын көрсете отырып): _____ БСК: _____ Корр. шот: _____ **Төлем агентінің байланыс тұлғалары:** Бухгалтер: Т.А.Ә.: _____ Телефон: _____ e-mail: _____ Менеджер: Т.А.Ә.: _____ Телефон: _____ e-mail: _____ Осы Өтінішке қол қойған тұлғаның Т.А.Ә.: _____ Өтініш беруші Шартқа қосылатын құжат (Жарғы, сенімхат және т.б.): _____		
Күні: _____		
Төлем агентінің қолы: _____	**Лауазымы, Т.А.Ә.:** _____	**М.О.**
ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ ТОЛТЫРАДЫ		
М.О.	Төлем агентінің Өтінішінің қабылданғанын және Шартқа мынадай № берілгенін растаймын №_____ Күні:_____. Т.А.Ә.:_____ Лауазымы:_____ Құжат:_____	
	Төлем ұйымының қолы: _____	Осы Өтініш екі данада жасалды, оның біреуі Төлем ұйымы растағаннан кейін Төлем агентінің қарамағына беріледі.

Приложение № 2

к Договору на оказание платежных услуг с Платежным агентом

ФОРМА

ЗАЯВЛЕНИЕ

о присоединении к Договору на оказание платежных услуг с Платежным агентом

По настоящему Заявлению о присоединении к Договору на оказание платежных услуг Платежным агентом (далее – Заявление) Платежный агент в соответствии со ст. 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан полностью и безусловно присоединяется к Договору на оказание платежных услуг Платежным агентом (далее – Договор), утвержденному платежной организацией ТОО «Qamqor Pay» (далее – Платежная организация), с условиями которого Платежный агент до подачи настоящего Заявления обязан ознакомиться на сайте: https://koina.kz, и обязуется соблюдать условия указанного Договора со дня принятия настоящего Заявления Платежной организацией.

После подачи настоящего Заявления Платежный агент не может ссылаться на то, что он не ознакомился с Договором (полностью либо частично) либо не признает обязательность исполнения условий Договора в отношениях с Платежной организацией.

Платежный агент просит Платежную организацию открыть на его имя учетную запись в Платежной организации и осуществлять полномочия Платежной организации по транзакциям Платежного агента.

Для регистрации в Платежной организации Платежный агент сообщает о себе следующие данные:

<table>
<tr><th colspan="3">Анкета Платежного агента для юридических лиц и индивидуальных предпринимателей</th></tr>
<tr><td colspan="3">Все поля обязательны к заполнению печатными буквами. Ответственность за неразборчивое внесение данных либо внесение неполных или неверных данных несет Платежный агент.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Полное наименование юридического лица/ Полные Ф.И.О. индивидуального предпринимателя
_____
Наименование Платежного агента в Платежной организации:
_____
ФИО руководителя: _____
Должность руководителя:_____
Наименование органа, осуществившего государственную регистрацию, № и дата регистрации:
_____
Код ОКПО: _____ Коды ОКЭД: _____
Место нахождения юридического лица/индивидуального предпринимателя:
_____
БИН/ИИН: _____ Порядок уплаты НДС: ☐ общий режим ☐ освобожден от уплаты
Почтовый (фактический адрес) юридического лица/индивидуального предпринимателя:
Телефон: _____ Факс: _____ e-mail: _____
Банковские реквизиты Платежного агента:
Р/С №: _____ Банк (с указанием города): _____
БИК: _____ Кор.счет: _____
Контактные персоны Платежного агента:
Бухгалтер: ФИО: _____ Телефон: _____ e-mail: _____
Менеджер: ФИО: _____ Телефон: _____ e-mail: _____
Сведения о заявителе:
ФИО лица, подписавшего настоящее Заявление: _____
Документ, на основании которого заявитель присоединяется к Договору (Устав, доверенность и т.п.): _____</td></tr>
<tr><td>Дата: _____</td><td></td><td rowspan="2">МП</td></tr>
<tr><td>Подпись Платежного агента:
_____</td><td>Должность, ФИО:
_____</td></tr>
<tr><th colspan="3">ЗАПОЛНЯЕТСЯ ПЛАТЕЖНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ</th></tr>
<tr><td rowspan="2">МП</td><td colspan="2">Подтверждаю принятие Заявления Платежного агента и присвоение следующего № Договору
№_____ Дата:_____.
ФИО:_____
Должность:_____
Документ:_____</td></tr>
<tr><td>Подпись Платежной Организации:
_____</td><td>Настоящее Заявление составлено в двух экземплярах, один из которых передается в распоряжение Платежного агента после подтверждения Платежной организацией.</td></tr>
</table>

№ 3 қосымша

Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа

НЫСАН

ӨТІНІМ

Төлемдерді қабылдау пунктін ұйымдастыруға

Қала: _____ Күні: _____

№	Нақты мекенжайы	Төлемдерді қабылдау пунктінің түрі	Төлемдерді қабылдау нүктелерінің саны

Приложение № 3

к Договору на оказание платежных услуг с Платежным агентом

ФОРМА

ЗАЯВКА

на организацию пункта приема платежей

Город: _____ Дата: _____

№	Точный адрес	Тип пункта приема платежей	Количество точек по приему платежей

№ 4 қосымша

Төлем агентімен төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа

НЫСАН

ТІЗІЛІМ

Төлем агентінің басқаруымен жұмыс істейтін төлемдерді қабылдау пункттері

№	Нақты мекенжайы	Төлемдерді қабылдау пунктінің түрі	Төлемдерді қабылдау нүктелерінің саны

Приложение № 4

к Договору на оказание платежных услуг с Платежным агентом

ФОРМА

РЕЕСТР

пунктов приема платежей, работающих под управлением Платежного агента

№	Точный адрес	Тип пункта приема платежей	Количество точек по приему платежей